

*А. Райымбергенов  
С. Райымбергенова  
Ұ. Байбосынова*

# МУЗЫКА

**Жалпы білім беретін мектептің  
6-сыныбына арналған оқулық**

*«Мұрагер» бағдарламасы бойынша*

**Алматы  
2011**

**Балалар!**

**Ұлы жыраулар өнегесін алайық, әлем музыка мәдениетімен  
сусындайық!**

**Сен жаңа кітаптың бетін ашқалы отырсың.**

**Бұл кітап арқылы жыраулардың  
терме-толғауларымен танысып,  
ата-бабалар тарихына терең бойлай аласың.**

**Ұлы жыраулардың өнегелі-өсиет сөздері  
сені даналық пен ойшылдыққа жетелейді.**

**Қазақ тарихынан биік орын алған жыраулар,  
ұлағатты сөзін ұрпаққа мұра етіп қалдырған.**

**Ұлы жыраулар үлгі-ұлағаттының ізімен өз ойыңды өрбітіп  
өсиет сөздеріңді шығара бастайсың.**

**Нақты пікірің мен өз ойыңды ашып айтуға дағдыланасың.**

**Ендігі сенің міндетің -  
қастерлі сөздің қасиетін құрметтеп,  
оны келешек ұрпаққа қалдыру.**

**Бұл оқулықта әлем халықтарының музыка өнерімен танысасың.  
Қазақ және түбі бір туыстас, түркі тектес халықтардың эпостық  
жырларын біліп, олардың ортақ тұстарын түсінетін боласың.**

**Енді сен түркі-монғол халқының құдіретті көмеймен айту дәстүрін  
біліп, үндінің «рага», шығыстың «маком» сынды музыка өнерінің  
ғажайып сырын ашасың.**

**Әлем халықтарының би өнері арқылы олардың дәстүрі мен мінез-  
құлқын түсінесің.**

**Күн шығыс халқының Гагаку және Кабуки театрымен танысасың.**

**Бұл оқулық музыканың қалай пайда болып, қай жерде  
орындалатыны туралы айтып береді.**

**Осы жолда саған сәт сапар тілейміз!**

## I – тоқсан

### ЖАУЫНГЕР ЖҮРЕК ЖЫРАУЛАР.




Сайдың шөбін жекен білер, түздің шөбін бөкен білер. Күн мен түннің келгенін бозторғай білер. Ұлдың кімнен туғанын ана білер. Иесінің иісін ат білер. Қолына қобыз ұстаған ұзан елден-елге, бектен-бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Уа, Хан ием, мынау жарық дүниеде тәңірім сіз бен бізді адастырып, жарты жолда қалдырмасын!

**Қорқыт ата өсиет сөзі**

## ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР

Жыраулық дәстүр атадан балаға жалғасып, ғасырдан-ғасырға мұра болып жеткен ұлттық асыл қазына. Жыр деп батырлар ерлігін баяндайтын ауыз әдебиеті шығармаларын атайды. Батырлар жырының негізгі мазмұны ел мен жерді қорғаудағы батырлар мен жауынгерлердің қиян-кескі шайқасы. Жырлардың басты кейіпкерлері - Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар, Көрұғлы сынды ержүрек батырлар. Жыр – ауыз әдебиетіндегі ең көлемді шығарма.



Ал, хандар мен батырлардың ерліктерін мадақ етіп жыр айтқан жыраулар болды. Жыраулар соғыс кезінде ханның әскери кеңесіне қатысып, жырымен жауынгерлердің рухын көтерген. Жырау хандар мен батырларға, бүкіл халыққа ақыл-өсиет айтқан. Болашақты болжай алатын ақылгөй кеңесші болған.

Қазақ халқын хандар билеген замандарда (XV – XVIII ғғ.) – Асан қайғы, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шал ақын, Махамбет т.б. көптеген жауынгер жыраулар болды.

**Жыр – батырлар ерлігін баяндайтын ауыз әдебиетіндегі  
ең көлемді шығарма.**

**Ойлан да айт!**

*Батырлар жырын бұрын-соңды тыңдап көрдің бе?*

**Біліп ал!**

*Жыраулық дәстүр көптеген түркі тектес халықтарына да ортақ мұра. Атап айтсақ, Сібір жерін мекен еткен Тува, Хакас, Алтай, Бурят, Якут халықтарында жыраулық дәстүр сақталған. Сонымен бірге, Орта Азиядағы Қырғыз, Өзбек, Қарақалпақ, Түркмен, Азербайжан, т.б. халықтарда жыраулық дәстүр кеңінен таралған.*

*Қазақ халқында кездесетін батырлық жырлар басқа да көптеген халықтарда сақталған. Мысалы “Алпамыс” жыры өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарына белгілі болса, “Қобыланды” жырын өзбектер де жырлаған. Ал, “Көрұғлы” жырын қазақ, түркмен және азербайжандар орындайды.*

**Сұрақтар:**

- Жыр дегеніміз не?
- Қазақ жырларының мазмұны неде?
- Қазақ жырларының кейіпкерлері кімдер?
- Жыраулардың атқарған қызметі қандай?
- XV – XVIII ғасырларда өмір сүрген жырауларды ата?

**Үйге тапсырма:**

1. «Толғау сазы» бастапқы буынын жатқа орында.
2. Жыраулық дәстүр тақырыбын қайталап кел.

## ЖЫРАУЛАРДЫҢ ХАН-СҰЛТАНДАРҒА АЙТҚАН КЕҢЕСІ.

Жыраулар хан-сұлтандардың оң жағынан орын алып, оларға өсиет айтқан – *ақылгөй-кеңесші* болған. Олар хан-сұлтандармен бірге ел билігіне араласқан. Жыраулар болашақты болжай алатын көреген болғандықтан, хан-сұлтандар жыраулар сөздеріне үнемі құлақ асып, кеңесіп отырған. Халықтың мұңын, елдің ауыр халін бар шындықпен жеткізіп отырған. Жырау хан мен сұлтандардың кемшіліктері болса бетке басып, ашық айтып, өткір жырларымен сынаған. Мысалы, XV ғасырда хандық құрған Әз-Жәнібекке ашуланған Асан Қайғы, оған бар шындықты бетіне басып:





Ей, хан ием, хан ием,  
Мен айтпасам білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің,  
Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп, қызарып,  
Мастанып, қызып терлейсің,  
Өзіңнен басқа хан жоқтай  
Елеуреп неге сөйлейсің?!  
Қорған салдың бейнет қып,  
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.  
Оны неге білмейсің?!  
Хош аман бол, Жәнібек,  
Енді мені көрмейсің! –

деп хан ордасынан шығып кетеді.

Ал Абылай хан қалмақтармен соғысы кезінде Бұқар жыраудан кеңес сұрайды. Сонда Бұқар жырау:

Соғыспа деп жырлайды  
Бұқар деген кәріңіз,  
Соғыссаң кетер сәніңіз...  
Пұсырман болсаң, кетіңіз,  
Сырдарияның суынын  
Көлденең кесіп өтіңіз,  
Үш жылға малды ту сақтап,  
Жиделі-Байсын жетіңіз...  
Қатын-бала қамы үшін  
Солай таман жетіңіз, - деп, ақыл кеңес берген екен.

Абылай хан Бұқар жыраудың кеңесін орындап, Сырдарияны кесіп өтіп, үш жылға дейін күш жинап, ақыры қалмақтарды ойсырата жеңеді.

## **Ойлан да айт!**

*Не себепті Абылай хан Бұхар жыраудың айтқан кеңесін алады?*

## **Түсініп ал!**

*Пұсырман деген сөз – Мұсылман деген ұғымды білдіреді.*

## **Біліп ал!**

*Тарихи жырлар - өмірде болған, ел аузында сақталып келген тарихи оқиғаларды жырлайды. Тарихи жырлар батырлар жырларынан бастау алады. Мұндай жырларға – “Қабанбай батыр”, “Бөгенбай”, “Сырым батыр”, “Исатай-Махамбет”, “Бекет батыр”, “Жанқожа”, “Досан” – сияқты жырлар жатады.*

## **Білесің бе?**

*XIX ғасырда өмір сүрген Жетісудің атақты ақыны Сүйінбай өз заманында Тезек сұлтанға қаймықпастан былай депті:*

*- Хан емессің, қиықсың  
Қалың елді айдап жеп,  
Теріңе зорға сыйыпсың.  
Ұры-қары зұлымның  
Бәрін өзіңе жиыпсың.  
Жанға жауап бермейтін,  
Дүлей мылқау сияқты,  
Қиял мінез тұйықсың!  
Дүниені жұтса тоймайтын,  
Түпсіз жатқан ұйықсың!  
Басшылық жоқ халықта  
Аққан судан сұйықсың.  
Судан да сусын қанады,  
Оппа балшық сықылды,  
Жұтқыш лай былықсың!*

## **Сұрақтар:**

- Жыраулардың хан-сұлтандардың алдында атқарған қызметі қандай?
- Асан Қайғы Өз-Жәнібектің қандай кемшілігін бетіне басады?
- Асан Қайғы жырындағы ұйқас сөздерді айтып бер?!

## **Тапсырма:**

1. Жыраулардың хан-сұлтандарға айтқан жырларын оқып кел.
2. «Толғау сазы» үйренген буынын қайтала.
3. “Білмейсің” сөзіне ұйқас сөз тауып жазып кел.



## АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУДЫҢ БАТЫРЛАРҒА РУХ БЕРУІ.



Жыраулар – соғыс кезінде қолына найза алып, жауға аттанып өз жырларымен *жауынгерлерге рух берген қолбасшы*. Сондай жыраулардың бірі XVII ғасырда өмір сүрген Ақтамберді жырау. Ол – қайтпас ерлігімен, жалынды жырларымен атағы шыққан. Ақтамберді 10-11 жасынан бастап өлеңге бой ұрып, ал 17 жасында соғысқа араласқан. Қазақтар жоңғарларды ойсырата жеңген шағында Ақтамберді де сол майданның ортасында болады. Ақтамберді жырау соғысқа аттанып бара жатып:

- Құлаты тауға қол салып,  
Садақтың оғын мол салып,  
Бетпақтың ен бір шөлінен.  
Төтелеп жүріп жол салып,  
Қолды бір бастар ма екеміз?!  
Майданда дабыл қақтырып,  
Ерлердің жолын аштырып,  
Атасы басқа қалмақты,  
Жұртынан шауып бостырып,  
Түйедегі наршасын,  
Олжа бір қылар ма екеміз?!

- деп батырлардың көңіліне сенім, көкірегіне күш беріп, намысы мен рухын көтеріп жыр айтады.

### **Білесің бе?**

*1723 жылы Жоңғарлар тұтқиылдан шауып, қазақтарды қырғынға ұшыратады. Қазақ халқы туған жерін, ата-қонысын тастап босып кетеді. Табаны тоз-тоз болып елінен айрылған халық, бұл заманды “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” деп атап кетеді. Атақты “Елім-ай” атты жоқтау ән осы кезеңде дүниеге келеді. Көп ұзамай-ақ ес жинаған қазақтар бірігіп, Жоңғарларды ойсырата жеңеді. Жоңғарларға қарсы күресте Ақтамберді жыраумен қатар қолына найза алып, жауға бірге аттанып, жалынды жырларымен жауынгерлерге рух берген Тәтіқара, Үмбетей, Шал, Бұқар жыраулар да болды.*

### **Түсініп ал!**

Құлаты – таудың аты.  
Қолды бастау - әскерді бастау.

### **Біліп ал!**

*Қазақтың қара өлеңдері он бір буындық өлең өлшеміне құрылса, ал ақын-жыраулардың терме-толғаулары мен жырлары жеті-сегіз буындық өлең өлшемінен тұрады. Мысалы,*

1 – 2 – 3 – 4 – 5 – 6 – 7  
А – га    де – ген    і – ні – ні  
Жа – ным    де – се    бо – ла – ды.

1 – 2 – 3 – 4 – 5 – 6 – 7 – 8  
Құ – ла – ты    тау – га    қол    са – лып,  
Са – дақ – тың    о – гын    мол    са – лып.

1 – 2 – 3 – 4 – 5 – 6 – 7  
Бі – рін – ші – ден    не    жа – ман –  
1 – 2 – 3 – 4 – 5 – 6 – 7 – 8  
Бі – лім – сіз    бол – ган    ұл    жа – ман.

### **Сұрақтар:**

- Жыраулар қандай қызмет атқарды?
- Ақтамберді қай ғасырда өмір сүрді?
- Неше жасынан өлең жазып, соғысқа араласты?
- Ақтамберді қандай жыр айтты және оны кімдерге арнады?

### **Тапсырма:**

1. «Толғау сазы» үйренген буындарын жатқа орында.
2. Ақтамберді жырын қайтала.
3. 7-8 буынға құрылған өлең тауып кел.

## БҰХАР ЖЫРАУДЫҢ ХАЛЫҚҚА АЙТҚАН ӨСИЕТ СӨЗІ

Бұхар жырау XVIII ғасырда Тәуке ханның тұсында өмір сүрген. Әкесі Қалқаман ерлігімен елге аты шыққан батыр болған. Бұхар жырау – мемлекет істеріне тығыз араласқан қабырғалы би болған. Жырау бір ғасырдан астам жас жасайды. Бұхар жырау Абылай хан тұсында да ел билігіне араласады. Өз заманында өткен хан-сұлтандардың кемшілігі болса бетіне басып, ал жақсы істері болса мадақтап жырға қосып отырған арқалы жырау. Сонымен бірге, Бұхар халыққа арнап терең ойға толы толғауларды да шығарған, **ақылгөйдана**. Бұхар жыраудың «Биік тауға жарасар» атты өсиет сөзінде:

Биік тауға жарасар  
Ығынан тиген панасы,  
Терең сайға жарасар  
Тобылғылы саласы.  
Ер жігітке жарасар  
Қолына алған найзасы,  
Би жігітке жарасар  
Халқына тиген пайдасы.  
Ақсақалға жарасар  
Тілеуқорлық айласы,  
Келіншекке жарасар  
Қолындағы баласы,  
Бұл жалғанда бір жаман  
Ағайынның аласы.

***Ал балалар, Бұхар жыраудың ізімен өлең шығарып көрелік!***

Бұхар жыраудың “**Биік тауға жарасар**” атты өсиет сөзі 7-8 буындық өлең өлшеміне құрылған. Өсиет сөздің ізімен өлең құрау үшін ең алдымен “панасы” сөзіне ұйқас сөз тауып жазалық. Олар: данасы, санасы, шанасы, анасы, қаласы, даласы, ағасы, тағасы, бағасы, жағасы, сағасы т.б. Ал, енді осы аталған ұйқас сөздерді таңдап алып, өсиет сөздің мазмұнына сай өлең шығарып көрелік. Ол үшін төмендегі берілген өлең шумақтарындағы көп нүктенің орнына өз ойыңды жазып көр:

*Ер жігітке жарасар*  
.....**ағасы**  
*Ата-анаға жарасар*  
..... **баласы**  
*Қара жерге жарасар*  
.....**даласы**  
*Ақ көйлекке жарасар*  
..... **жағасы**

***Ал енді балалар, ұйқас сөзді өзгертіп өлең шығарып көрелік!***

Балалар, ең алдымен “жүргені” сөзіне ұйқас тауып жазалық. Олар: күлгені, білгені, ілгені, келгені, жеңгені, сенгені, бергені т.б. Ал енді өлең құрау үшін осы ұйқас сөздерді қолдана отыра, мағынасына сай етіп өлең шығарып көрелік. Ол үшін төменде берілген өлең шумақтарындағы көп нүктенің орнына өз ойыңды жазып көр:

*Оқушыға жарасар*  
..... жүргені

*Мұғалімге жарасар*  
..... бергені



*Әділ досқа жарасар*  
..... сенгені  
*Батырларға жарасар*  
..... жеңгені

**Ойлан да айт!**

*Сен өзіңнің құрбы-достарыңа қандай өсиет айтқан болар едің?*

**Біліп ал!**

*Абылай хан үш жүздің басын құрап, жоңғарларды біржолата талқандайды. Сөйтіп, 1771 жылы Түркістанда “үш алашқа хан көтеріледі”. Бұқар жырау Абылайдың оң жағынан орын алып, мемлекет істеріне тығыз араласады. Бұқар жырау Абылай ханды мейлінше қолдайды. Абылай ханның кемшілігі болса өткір тілімен сынап, артықшылығы болса мадақтап отырады. Осындай мадақ жырларының бірінде:*

*“Алтын тақтың үстінде  
Үш жүздің басын құрадың  
Жетім менен жесірге  
Ешбір жаман қылмадың  
Әділетпен жүрдіңіз  
Әдепті іске кірдіңіз” - дейді.*

**Сұрақтар:**

- Бұқар жырау қай ханның тұсында өмір сүрген?
- Бұқар жыраудың әкесі кім болған?
- Бұқар жырау хандар тұсында қандай қызмет атқарған?
- Бұқар жырау кім?

**Тапсырма:**

1. Бұқар жыраудың өсиет сөзін қайталап, жаттап кел.
2. “Өсиет” тақырыбына өлең құрауды жалғастыр.
3. Домбырадан «Толғау сазы» сөздерімен қосып орында.

## БҰХАР ЖЫРАУДЫҢ АРАЛЫҚ СӨЗІ

Абылай хан бір топ кісімен, ішінде Бөгембай батыр бар, жолаушылап Қабанбай батырдың еліне барыпты. Осы сапарда Бөгембай батырдың мінген аты жүйрік екені байқалады. Абылай хан жолдастарымен Бөгенбайдың жүйрік атына ере алмай кейін қалып отырса керек. Хан ауылына келгеннен кейін біраз күн өтісімен Бөгембай батырға бір кісі жіберіпті.

“Батырға сәлем айт, анадағы Қабанбай батырдың еліне мініп барған атын маған біраз күнге бере тұрсын. Алыс жолға жолаушы жүрейін деп едім”, - депті.

Бөгенбай өзінен басқа кісіге атын мінгезбейді екен: “Жарайды, барып келген соң атымды өзіме қайтарсын”, - депті. Абылай хан атын алып, бір жылдан астам мініп қайтармай қойған екен. Бөгембай батыр өкпелеп Абылайға жолықпай - амандаспай жүріпті. Бұл жағдайды Бұхар жырау мен Қабанбай батыр естіп, Бөгембай батырды ертіп Абылай ханға татуластырып, атыңды әпереміз десе керек.



Абылай хан Бөгембай батырды аса көңілді қабылдамаған пиғыл көрсетіпті. Сонда Бұхар жырау:

Ай, Абылай, Абылай,  
Ақсақалдан жақсы жоқ,  
Халқын жиып ептесе.  
Нар түйеден күшті жоқ  
Батпаққа келіп шөкпесе.  
Жақсы әйелден жақсы жоқ

Үйге келген кісінің  
Жаманын біліп тектесе,  
Сауыттан жақсы киім жоқ  
Атқанда оғың өтпесе.  
Аттан басқа қанат жоқ  
Қашқанда жауың жетпесе.  
Жігіттен артық жолдас жоқ  
Жауға тастап кетпесе.  
Хан мен қара болса да  
Қайдан жақсы болады,  
Бір-біріне кездесіп  
Қарым-қатынас етпесе  
Болымсыз жайды сылтау қып  
Араз болып кектесе, - деген екен.

Абылай хан: «Атқа қызыққаным рас еді, кінә менде», - деп атты қайтармақ болыпты. Сонда Бөгембай батыр: «Ол бір түкті жануар емес пе, одан гөрі тұрақты сөз, уағда қымбат. Жақсы ат табылады. Хан өз қатесін түсінді ғой», - деп бір бітімге келген екен.

Қазақ жырауларының тағы бір атқарған міндеті - хан мен қараны, халықты, елмен - елді ауызбірлікке шақырып, аралық сөз айтып, *бітімгершілікке келтіріп отырған* екен.

**«Аралық сөз» - екі жақты бітімге, бірлікке шақыратын сөз.**

### **Ойлан да айт!**

*Тармақ, шумақ, буын, бунақ деп нені айтады?*

### **Сұрақтар:**

- Абылай хан мен Бөгембайдың арасында не себептен салқын қарым қатынас орнайды?
- Хан мен батырды ауызбіршілікке шақырып аралық сөз айтқан кім?
- Бұхар жыраудың аралық сөзінің мазмұны неде?
- Абылай хан өз кінәсін мойындаған соң Бөгембай батыр қандай тоқтамға келді?
- Қазақ жырауларының атқарған міндеті неде?

### **Тапсырма:**

1. Бұхар жыраудың аралық сөзін қайталап оқып кел.
2. "Толғау сазы" жатқа орында.

## БҰХАР ЖЫРАУДЫҢ «АЛЫСТАН ҚЫЗЫЛ КӨРІНСЕ» АТТЫ ӨСИЕТ СӨЗІ



Алыстан қызыл көрінсе,  
Манат емей немене.  
Көтеріліп ұшқан соң  
Қанат емей немене.  
Екі жақсы бас қосса  
Санат емей немене.  
Қамшылатып жүгірген  
Шабан емей немене.  
Айтқан сөзге түспеген  
Жаман емей немене.  
Сұрағанда бермеген  
Сараң емей немене.  
Кісі ақысын көп жеген  
Арам емей немене.  
Сусағанда берген су  
Шекер емей немене...

*Ал балалар, Бұхар жыраудың ізімен өлең шығарып көрелік!*

Балалар, Бұхар жыраудың “Алыстан қызыл көрінсе” атты өсиетінің ұйқас сөздерін іріктеп алайық. Олар: манат, қанат, санат немесе жаман, шабан, сараң, арам болып келеді. Шығарғалы отырған өз өсиет сөзіміздегі басты ерекшелік біз ұйқас сөздерді қолданбаймыз. Ұйқас сөз орнына өсиет сөздің мазмұнын айқындап тұрған “немене” сөзін қолданамыз. Олай болса, Бұхар



жыраудың ізімен өз өсиет ойларымызды өрбітіп көрелік. Ол үшін төменде берілген өлең шумақтарындағы көп нүктенің орнына өз ойыңды жазып көр:

*Ұстаздың берген дәрісі,  
..... немене.  
Қиындықта қол берген,  
.....немене.  
Ағаштан бүршік атқаны,  
..... немене.*

**“Домбыра”, “жақсы”, “жаман” тақырыптарына да өлең шығарып көрелік!**

Ал, енді балалар, төменде берілген өлең шумақтарының мазмұнына сай етіп, алғашқы жолын шығарып көр:

.....  
*Домбыра емей немене.*  
.....  
*Жақсы емей немене.*  
.....  
*Жаман емей немене.*

### **Біліп ал!**

*Бұрынғы заманда жыраулар өз терме-толғауларын тек қана домбыра емес, сонымен қатар қобыздың сүйемелдеуімен орындаған. Жыраулардың терме-толғаулары атадан балаға, ауыздан ауызға беріліп біздің заманымызға дейін жетті.*

### **Түсініп ал!**

*Сусағанда – шөлдегенде*

### **Сұрақтар:**

- Бұхар жырау не нәрсені өсиет етіп кеткен екен?
- Не нәрсені жаман қасиетке теңейді?
- Сараң қасиет пен арам қасиетті қалай бейнелейді?
- Шөлдеп ішкен суды не нәрсеге теңейді?

### **Тапсырма:**

1. Бұхар жыраудың өсиет сөзін толғау сазына қосып орындап кел.
2. Домбырадан «Толғау сазы» сөздерімен қосып орында.

## ҰШҚЫР ТІЛДІ ШАЛ АҚЫН

Шал ақын XVIII ғасырда өмір сүрген. Әкесі Құлеке және ағасы Байжігіт әрі батыр, әрі би болған адамдар. Шал ақынның шын аты - Тілеуке. Ол жастайынан үлкендерше сөйлеп, төрде отырып төрелік айтқан. Сол себепті халық оны Шал атап кеткен екен. Шал ақынның бұлай аталып кетуіне мынандай бір оқиға себеп болады. Бір күні таңертең ертемен тұрып малын аралап, бір тоқтыны арқалап келе жатқан ханды көзі шалып қалады. Мұна көрген ақын ханның малжандылығын байқайды. Ақын қарап қалмай сол жерде ханға қаймықпастан батыл тілімен:

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,  
Болмайды қойға пана тал дегенің,  
Таң ата жалаң аяқ тоқты арқалап,  
Хан ата, қымбат па екен мал дегенің.

Сыйлайды ханымыз деп үлкен - кіші,  
Біреудің малын жемес жақын кісі.  
Тақтағы хан, елдегі биді еңкейткен,  
Хан ата, қалай екен малдың күші... - деген екен.



Хан бала ақынға ұрыспай, біраз тіл қағысып, әзілдеседі. Сонда хан әкесі Құлекеге: “Мына балаң тумай жатып қартайған бірдеңе ғой, маған үлкен шал адамша ақыл айтты ғой”, - дейді. Құдіретті хан алдында айтылған бұл сөз елге тез тарап, ақынның атын көпке жаяды. Халық оның батылдығына сүйсінеді. Осыдан бастап Тілеуке емес, Шал ақын болып аты елге тарайды. Сөйтіп, жастайынан сөзге құмар, тілге шешен Шал ақын он бес жасынан ақын болып даңқы шығып, көптеген өсиет сөздерді жазып қалдырған екен. Ақынның «Саясы жоқ бәйтерек» атты толғауында былай деп өсиет қалдырған екен:

Саясы жоқ бәйтерек  
Саздауға біткен тал мен тең,  
Жақсы ағаңыз бар болса  
Алдыңда сары белмен тең,  
Ағайының көп болса  
Ұлық бір шеру қолмен тең,  
Ақылсызға сөз айтсаң  
Алды бір тұйық жармен тең!  
Молдадан сабақ алсаңыз  
Алуа шекер бал мен тең...

***Ал балалар, Шал ақынның ізімен өз өлең-ойларымызды өрбітіп көрелік!***

Шал ақынның “Саздауға біткен бәйтерек” атты өсиет сөзінің негізгі мазмұны өмірдің түрлі тіршілігін, жақсы мен жаман ара қатынасын, басқа да көптеген жәйттерді саралау, теңеу. Шал ақынның ізімен өлең шығару үшін өсиет сөздің ұйқасынан бұрын әсіресе мазмұнына мән берген жөн. Ең алдымен төменде берілген өлең шумақтарындағы ойды анықтап ал. Айтылған ойды не нәрсеге теңер едің? Көп нүктенің орнына өз теңеуіңді жазып көр:

*Жақсы қызың бар болса,  
Жарқырап шыққан .....  
Ақылды ұлдың болғаны,  
Арайлап атқан .....  
Ұстазың болса білімді,  
Таусылмас алтын .....  
Жігіттің ақымақ болғаны,  
Сусыз қалған .....*

***Ата мен ананы, жүйрік ат пен домбыраны не нәрсеге теңер едің?!***

*Атаң мен анаң әрқашан  
.....таумен тең.  
Бәйгеге шапқан жүйрік ат  
.....желмен тең.  
Шертілсе үйде домбыра  
.....тоймен тең.*

**Ойлан да айт!**

*Сен “малжанды” деген сөзді қалай түсінесің? Қазіргі заманда малжанды адамдар бар ма?*

**Сұрақтар:**

- Шал ақын қай ғасырда өмір сүрген оның ата-тегі кім болған?
- Шал ақынның шын аты кім?
- Не себепті Шал ақын атанып кеткен?
- Шал ақынның өсиет сөзінің мазмұны неде?

**Тапсырма:**

1. Ұшқыр тілді Шал ақын тақырыбын қайталап кел.
2. Домбырадан «Толғау сазы» қайтала.
3. Шал ақынның өсиет сөзінің ізімен құраған өлеңді жалғастырып құрап кел.


## Түйін!

Жыраулардың атқарған негізгі міндеттері:

1. Хан-сұлтандарға өсиет айтқан ақылгөй-кеңесші.
2. Жауынгерлерге рух берген қолбасшы.
3. Хан мен халыққа өсиет айтқан ақылгөй-дана.
4. Батырлық эпостар мен тарихи жырларды орындаған абыз.

Қане, балалар!

Суретке қарап, жырауларды атандар.



**Қане, балалар! Мына өлең шумақтарынан жыраулардың  
атқарған міндеттерін анықтап айтып бер.**

Құлаты тауға қол салып,  
Садақтың оғын мол салып,  
Бетпақтың ен бір шөлінен.  
Төтелеп жүріп жол салып,  
Қолды бір бастар ма екеміз?!

Соғыспа деп жырлайды  
Бұқар деген кәріңіз,  
Соғыссаң кетер сәніңіз...  
Пұсырман болсаң, кетіңіз,  
Сырдарияның суынан  
Көлденең кесіп өтіңіз...

Биік тауға жарасар  
Ығынан тиген панасы,  
Терең сайға жарасар  
Тобылғылы саласы.  
Ер жігітке жарасар  
Қолына алған найзасы,

Хан мен қара болса да  
Қайдан жақсы болады,  
Бір-біріне кездесіп  
Қарым-қатынас етпесе  
Болымсыз жайды сылтау қып  
Араз болып кектесе...

## II – тоқсан

### СӨЗ САҢЛАҚТАРЫ

#### ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ АҚЫНЫ – ТҰРМАҒАМБЕТ

Қазақ топырағында жыраулық – жыршылық дәстүр бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Әсіресе, жыраулық-жыршылық дәстүрдің ерекше сақталып қалған өңірлерінің бірі – Сыр бойы. Сыр бойында бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ көмеймен айту дәстүрі бар. Сыр бойынан бүкіл қазаққа аты мәлім болған көптеген ақын-жыраулар шыққан. Сондай ақындардың бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы.(1882-1939).Тұрмағамбет жасынан сөзге құмар, қағылез, таңдайына бал тамған ерекше қасиеті бар бала болып өседі. Тұрмағамбеттің мынадай бала кезінде болған әңгімесін еске түсірейік: «Әкесі Ізтілеу бір күні намаз оқып отырса, Тұрмағамбет қасына келіп қарап отырған екен. Сонда әкесі басты сәждеге қоя бергенде аяғымен жерді дүрс еткізіп қойып қалатын көрінеді. Әкесі намазын бұза алмай аяқтағанша әзер шыдапты. Оқып болған бойда Тұрмағамбетті қуа жөнеліпті. Тұрмағамбет болса ауылдың ақсақалдары жиналып отырған жерге қашып келіп, ең үлкен елдің би қариясының артына тығылған екен. Ауылдың биі – «Ау, Тұрмағамбетжан, не болды?» – дегенде ол былай деп жауап беріпті: - «Ау, өздерің емес пе «Әзілің жарасса атаңмен ойна» дейтін. Мен осы сөзді есіме алып, атаммен ойнамақшы болып едім, соңымнан қуып келеді», - дейді. Сонда ақсақалдар де, әкесі де сөз тауып айта алмаған екен.



Өлең сөзге шебер, ұшқыр ойлы Тұрмағамбет ақын көптеген қисса-дастандар мен терме-толғауларды жазып қалдырады. Сондай термелерінің бірі “Не қызық”.

Ұл мен қыздың қызығы –  
Тілі анық шыққанша,



Мергендіктің қызығы –  
Көздеген аңын жыққанша,  
Жүйрік аттың қызығы –  
Шомылып терге лыққанша,



Тәтті тамақ қызығы –  
Қарнына барып быққанша...



Татулықтың қызығы –  
Кеуденнен жаның ыққанша  
Әр түрлі үгіт айтамын  
Өтіп кеткен Лұқпанша.



*Ал, балалар «Не қызық» термесінің ізімен өлең шығарып көрелік!*

Тұрмағамбеттің “Не қызық” өсиет сөзінің ұйқасы “шыққанша” сөзінен басталып тұр. Олай болса, осы сөзді негізге ала отырып ұйқас сөздер тауып жазалық. Олар: бүкқанша, ұққанша, аққанша, жаққанша, баққанша, таққанша немесе алғанша, салғанша, қалғанша, барғанша, жарғанша т.б. Ал өсиет сөздің басты мазмұны өмірдің түрлі қызығын суреттеу. Сондықтан өлең шығару үшін ең алдымен мазмұнын анықтап алып, сонан соң мазмұнына сай өсиет сөздің ізімен берілген ұйқас сөздерді қолдана отыра өлең шығаралық.

Біз шығарғалы отырған өлең жолдары жылдың төрт мезгіліне қатысты болмақ. Сондықтан жылдың әр мезгілінің қызығын саралап көрелік. Ол үшін төменде берілген өлең шумақтарындағы көп нүктенің орнына өз ойыңды жаз:

.....Қызығы  
Ағаштар бүршік .....



.....Қызығы  
Күн жадырап .....



..... Қызығы  
Сарғайып жапырақ .....




.....Қызығы  
Ақша қар жерді .....



## Біле жүр!

Тұрмағамбет жасынан өзі керуенге ілесіп Бұхарадағы «Көкелтеш», «Мир Араб» медресесінде 16 жыл оқып білім алады. Ол араб, парсы, өзбек, түрік тілдерін еркін меңгереді. Тұрмағамбет ақын шығыстың «Мың бір түн», Фирдоусидің «Шаһнама» дастандарын оқып оларды араб-парсы тілдерінен қазақшаға аударған.



## Түсініп ал!

Лұқпан – аңыз кейіпкері.

## Ойлан да айт!

*Тұрмағамбетке әкесі Ізтілеудің ренжуі орынды ма? Сен атаңмен (әкеңмен) әзілдесер ме едің?*

## Сұрақтар:

- Сыр бойының атақты ақыны - кім?
- Тұрмағамбет қазақтың мақалын қалай сынады?
- Тұрмағамбет ақынның “Не қызық” термесінің мазмұнын айтып бер?

## Үйге тапсырма:

1. Тұрмағамбеттің бала кезіндегі әңгімесін есте сақта.
2. «Не қызық» термесінің ізімен «жан-жануар», «кітап» және «домбыра» тақырыбына өлең құра.
3. Домбырадан «Нұрымның толғауы» бастапқы буынын қайтала.

## БАЗАР ЖЫРАУ МҰРАСЫ

Базар жырау XIX ғасырда өмір сүрген. Базар жырау Сыр бойындағы ақын-жыраулардың ұстазы болған.

Базар жырау жетімдікте өсіп, буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып, байлардың қозысын бағады. Он алты жасында жыраулық даңқы шығып, жалпы жұртқа таныла бастайды.

Базар бір күні қозы бағып жүріп, далада ұйықтап қалса керек. Түсінде ақ киімді, ақ таяқты, ақ сақалды бір кісі келіп: «Балам, маңдайыңа берейін бе, таңдайыңа берейін бе? – дейді. Қарны ашып әрі шөлдеп жатқан бала: «Ата таңдайыма бер», - дейді. Сонда бала Базар орнынан өлең айтып ояныпты. Айналада сыбырлаған жел де, шалқып аққан көл де, әуеден ұшқан құс та өлеңдетіп тұр екен. Сөйтіп Базарға өлең бір күнде қоныпты.



Базар жырау ақындықты он алты жасынан бастайды. Ол Сыр бойынан шыққан көптеген ақын-жырауларға ұстаздық етеді. Сыр бойының атақты ақын жыраулары Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет, Оңғар жыраулар ұстаздары Базар жыраудан тәлім алады.

Базар жырау көптеген қисса-дастандар мен терме-толғауларды шығарып қалдырады. Сондай термелерінің бірі “Айдан ару нәрсе жоқ”. Термеде былай деп өсиет еткен екен:

Айдан ару нәрсе жоқ,  
Түнде бар да күндіз жоқ.  
Күннен ару нәрсе жоқ,  
Күндіз бар да түнде жоқ.  
Көшпелі бейнет көп дәулет,  
Біреуде бар да бірде жоқ.

Іздігенменен таппайсың,  
Осы күні белгісіз,  
Талайдың орны мүлде жоқ...

**Кане, балалар! Базар жыраудың ізімен өлең құрап көрелік!**

Базар жыраудың «Айдан ару нәрсе жоқ» атты өсиетінің ұйқасы «түнде, бірде, мүлде» сөздеріне құрылып, ал мазмұны «жоқ» сөзімен айқындалып тұр. Базар жыраудың ізімен өлең шығару үшін ең басты мазмұнына мән берген жөн. Ұйқасы мен мазмұнына «жоқ» сөзін қолдана отыра, төменде берілген өлең шумақтарындағы көп нүктенің орнына өз ойыңды өрбітіп көр:

.....  
Жаз да бар да қыста жоқ.

.....  
Біреуде бар да бірде жоқ

**Ал енді балалар, ана, ұстаз, кітап жайлы өлең шығарып көрелік!**

.....  
Анаңдай болар асыл жоқ...



Кітаптай биік білім жоқ



.....  
Ұстаздай болар ұлық жоқ



### **Ойлан да айт!**

*Базар жыраудың түсіне енген “ақ киімді, ақ сақалды, ақ таяқты” кім деп ойлайсың?*

*Басқа да аңыз, ертегі, жырларда мұндай кейіпкерлерді кездестірдің бе?*

### **Біліп ал!**

*Базар жырау – Сыр бойында туып-өсіп, өмірінің көп уақытын Өзбекстан, Қарақалпақстан жерінде өткізеді. Бейіті Өзбекстанның Науаи облысы, Тамды ауданында сақталған. Базар жырауды кейде халық Балқы Базар деп атайды. Өйткені Базар Шөмекей руының Балқы деп аталатын аталығынан тараған екен. Сол себепті Балқы Базар деп те атайды.*

### **Сұрақтар:**

- Базар жырау қай ғасырда өмір сүрген?
- Базар жырауға өлең қалай қонды?
- Сыр бойының қандай ақын-жыраулары Базарды ұстаз тұтқан?
- Базардың “Айдан ару нәрсе жоқ” термесінің мазмұны неде?

### **Тапсырма:**

1. Базар жырау мұрасын қайталап оқып кел.
2. Домбырадан Нұрымның толғауының үйренген буындарын қайтала.
3. “Ана”, “бала”, “табиғат” тақырыбына өлең құра.
4. Базар жыраудың «Айдан ару нәрсе жоқ» термесін жаттап кел.

## НҰРТУҒАН АҚЫННЫҢ МҰРАСЫ



Нұртуған – ХІХ ғасырда Арал өңірінен шыққан атақты ақындардың бірі. Нұртуған он жасында анасынан, ал он үш жасында әкесінен айрылады. Ол жалғыз інісі Махан екеуі байдың малын бағып күнелтеді. Бір күні інісі Махан ағасының ақындық қасиетінің барын сезіп қалады. Сөйтіп, жалғыз інісі Махан: - “Байдың қойын мен-ақ бағайын, сіз оқыңыз”, - деп өтініш білдіреді. Інісінің өтінішімен Нұртуған медреседе екі жыл дәріс алады. Сөйтіп, Нұртуған Сыр бойының даңғайыр ақындарының біріне айналады. Нұртуған Сыр бойының белгілі ақындары Омар, Турмағамбеттермен замандас болған. Ол өзінің соңына көптеген терме-толғаулар мен жыр-дастандар жазып қалдырады.

Нұртуған ақынның “Бір-біріңе қонақсыз” атты өсиет сөзінде былай деген екен:

Таудың сәні келмейді,  
Бауыры болса бұлақсыз.  
Ақбөкен сұлу көрінбес,  
Ойда тұрса лақсыз.  
“Жамансың” десең арланбас,  
Негізі жаман ұятсыз.  
Бұл өмірге келген соң,  
Бір-біріңе қонақсыз!

**Қане, балалар! Нұртуған ақынның ізімен өлең құрап көрелік!**

Нұртуған ақынның “Бір-біріңе қонақсыз” атты өсиетіндегі “бұлақсыз” сөзіне ұйқас сөздер тауып жазалық. Олар: шырақсыз, жырақсыз, құрақсыз, тұрақсыз, талапсыз, қалапсыз, қаламсыз, даламсыз т.б. Өсиет сөздің мазмұнына сай “сәні келмейді” сөз тіркесі мен берілген ұйқас сөздерді

қолдана отыра төмендегі өлең шумақтарындағы көп нүктенің орнына өз ойыңды жаз:

.....*сәні келмейді,*  
.....*кітапсыз.*  
..... *сәні келмейді,*  
.....*шырақсыз*  
..... *сәні келмейді,*  
..... *талапсыз.*  
.....*сәні келмейді,*  
.....

### **Ойлан да айт!**

*Нұртуғанның інісі Маханның орнында болсаң сен не істер едің?  
Маханның бұл ісіне қандай баға бересің?*

### **Біліп ал!**

*Нұртуған ақынның арғы атасы Еспембет жырау. Еспембет жырау атақты Шернияз, Махамбеттермен үзеңгілес болған. Еспембет өз заманында Қарақалпақтың атақты шайыры Бердақпен айтысқа түскен. Еспембет жыраудың тікелей ұрпағы болған Нұртуған, көптеген өлең-толғаулармен бірге, “Қарасай Қази”, “Орақ Мамай”, “Тағаймұрат”, “Мәулімнияз- Едіге” атты жыр-дастандар жазып қалдырған.*

### **Сұрақтар:**

- Нұртуған қай өңірде туып өскен?
- Нұртуған кімнің өтінішімен медресеге барып оқиды?
- Нұртуған қандай ақындармен замандас болған?
- Нұртуған ақынның “Бір-біріңе қонақсыз” атты өсиет сөзінің мазмұны неде?

### **Тапсырма:**

1. “Бір-біріңе қонақсыз” ұйқасымен “Ұстаз”, “Дала”, “Көл”, “Той” сөздеріне өлең құра
2. Домбырадан Нұрымның толғауының үйренген буындарын пысықта.

## АБЫЛ ЖЫРАУДЫҢ МҰРАСЫ



Келесі бір жыраулық дәстүрдің сақталып қалған жері - Маңғыстау өңірі. XIX - XX ғасырдың басында Маңғыстау өңірінде ірі жыраулардың ұлы көші өткен. Олар: Абыл, Нұрым, Қашаған, Сүгір, Сәттіғұл т.б. жыраулар болды. Маңғыстау өңіріндегі жыраулар дәстүрінің көш басы болған, ұлы жыраулардың бірі – Абыл. Абыл жырау XIX ғасырда өмір сүрген.

Абыл жастайынан сөзге зерек, естияр бала болып өседі. Бір күні ертемен қойды өргізіп келіп көзі ілініп кетсе керек. Ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде ақсақалды қария келіп аузына бір сұйық затты құйып жібергенде Абыл оны түгел жұтып қояды. Ояна кетсе кеудесін өлең кернеп бара жатыр екен. Осыдан бастап Абылдың сөзі жыр болып ағыла береді. Абылдың әкесі Өтембет те елге сыйлы адам болады. Бір күні Өтембет Түркменнің атақты ақыны Мақтұмқұлыны елге алдырып құрметтеп қонақ етеді. Ол кезде Абыл ақындығымен елге танылып қалған еді. Қона жатып қонақ болған Мақтұмқұлы Өтембеттің үйінде жатып түс көреді. Таңертең тұрғаннан соң Мақтұмқұл Өтембетке: - Ау, Өтембет! Мен бүгін бір жақсы түс көрдім. Түсімде Қарақалпақтың атақты Ақтажы деген ақын қызы мен Абыл бар үшеуміз кесемен ас ішіп отыр екенбіз. Қыз бен екеуміз кесенің ішіндегі асты ішіп салдық. Ал Абыл болса сол кесені жұтып қойды. Соған қарағанда Абыл бізден кейін ақын болар. Бірақ ақындығы бізден артық болар, - дейді. Сөйтіп, Мақтұмқұлы ақын Абылға батасын беріп еліне аттанған екен. Содан бастап Абылдың ақындық атағы елге тарап, өзінен кейінгі жырауларға ұстаздық етеді. Абыл көптеген терме-толғауларды жазып қалдырады. Абылдың «Арғымақ атта сын болмас» атты термесінде былай деп өсиет етеді:

Арғымақ атта сын болмас,  
Қиғаш қамыс құлақсыз.  
Азаматта сын болмас,



Арты болса тұяқсыз.  
Айдын көлде сын болмас,  
Жағасы болса тұрақсыз.  
Асқар тауда сын болмас,  
Бауыры болса бұлақсыз.  
Ақ киікте сын болмас,  
Арты болса лақсыз...

### **Ойлан да айт!**

*Қазақтар не себепті көрген түсін жақсылыққа жорыған?*

### **Білесің бе?**

*Абыл жыраудың көптеген айтыстары да сақталған. Соның бірі “Сушы қызбен айтысы”.*

*Абылдың қарт кезі екен. Су алып бара жатқан бір топ қыздарды көріп, оларды біраз сөйлетіп, сынайын деп былай депті:*

*Арқаның атып алдым ақша қуын.  
Қамысы Атыраудың буын-буын.  
Қолында темір шелек таси-таси,  
Барады қыздар құртып көлдің суын.*

*Сол кезде бойжеткен қыздар, иба сақтап мүдіріп қалғанда, кіші қыз былай деп жауап беріпті:*

*Қызады-ай бұқа-буға, тентек дуға.  
Қайғысыз семіреді қара суға.  
Атаның сатып алған құлы ма едің,  
Болар ма жігіт сараң қара суға...*

*– деп қыздар Абыл жырауға: - Абыл аға бізбен ойнар, қалжыңдасар дәуреніңіз өткен,- деп сөзбен жеңіп кеткен екен.*

### **Сұрақтар:**

- Жыраулық дәстүрдің сақталып қалған жерін ата?
- Абыл қай ғасырда өмір сүрген?
- Абылға жыраулық – ақындық қасиет қалай қонады?
- Абыл кімнен бата алады?

### **Тапсырма:**

1. Домбырадан Нұрымның толғауын қайтала.
2. Абыл жыраудың мұрасын қайталап оқып кел.

## НҰРЫМ ЖЫРАУДЫҢ МҰРАСЫ.

Маңғыстау өңіріндегі ірі жыраулардың бірі - Нұрым жырау. Нұрым жырау ХІХ ғасырда өмір сүрген. Атақты Абыл жырау Нұрымға ұстаздық еткен. Нұрым 17 жасынан Абыл жыраумен бес жыл бірге жүріп тәлім алады. Абыл Нұрымға: “Өлең жылқы секілді, шын жүйрік болсаң ешбір жанға шалдырмасың. Сөздің мәнісін білетін, халыққа саф алтындай жеткізетін жырау. Сен бізден кейін елге қадірің тасқан жырау боларсың” – деп батасын береді. Сөйтіп Нұрым ұстазы Абылды өнеге тұтып елге атағы шыққан жырау болған екен.



*Қане балалар, Домбырадан үйренген Нұрым жыраудың  
толғауына құлақ түрелік!*

Мен қашанғы жүйрігің  
Топ ішінде толғаған  
Шыныменен де шырқасам  
Табанда Қадыр-ай қолдаған  
Осылайша сөйлесем  
Сөз қалама ұртымнан  
Көре алмаған біреулер  
Сөз айтады екен сыртымнан  
Қас жүйріктің белгісі  
Дуды да көрсе жұлқынған  
Айтулы жүйрік-ай мен едім  
Салдырмай қамшы ұмтылған...

Ұсынсам қолым жетерме  
Қырмызы қызыл түлкідей  
Қырдан да асқан-ай заманға  
Айтқан да сөзім өтерме  
Ақылсыз туған жаманға...  
Ағайынға мал бітсе  
Қызғаныштан көре алмас...  
Дүния дегенің сары алтын  
Әркімдерді алдаған  
Қабаты қалың-ай кара жер  
Талай да ерді жалмаған  
Екі де достың арасын  
Айырады екен-ай оңбаған...

**Түсініп ал!**

1. Қадыр – Қыдыр баба
2. Ду – көпшілік, қауым, топ

**Біліп ал!**

*Қазақстанның Батыс аймағында XIX ғасырда Есет, Махамбет, Шернияз, Алмажан, Марабай, Мұрат, Шәңгерей, Ақтан, Кердері Әбубәкір сынды ақын-жыраулар өткен. Бұл ақын-жыраулардың соңында көптеген жыр-толғаулар мұра болып ауыздан-ауызға тарап, бүгінгі күнге жетіп отыр.*

**Білесің бе?**

*Нұрым жырау көне заманнан бері ел арасында кең тараған ерлік дастандарды көп орындайды. Көне жыраулар негізін салған, Асанқайғы Қазтуған сынды жыраулардың ізін жалғастырған Махамбет, Абыл, Шернияздар толғаған ерлік жырларды Нұрым да жалғастыра, жаңғырта жырлайды. Атақты “Қырық батыр”, “Қарадөң ұрпақтары” сынды жырлардың көп нұсқасын Нұрым жырлап таратқан. Нұрпейіс, Қашаған, Мұрын сынды атақты ақын-жыраулар Нұрым өнегесінен үлгі алған.*

**Сұрақтар:**

- Нұрым жырау қай ғасырда өмір сүрген?
- Нұрым жыраудың ұстазы кім болған?

**Тапсырма:**

1. Нұрым жырау мұрасын оқып кел.
3. Домбырадан «Нұрымның толғауын» сөздерімен қосып орында.

## АҚТАН ЖЫРАУ

XIX ғасырда өмір сүрген ірі жыраулардың бірі - Ақтан жырау. Ақтанның атасы Абдолла айтулы сыншы болған. Атасы Абдолла немересі туылғанда айтулы ақын болсын деген игі тілекпен атын Ақтан қояды. Атасының тілегі қабыл болып, ол жастайынан өлең – жырға құмар болып өседі. Ақтан жырау өзінен бұрын өткен Абыл мен Нұрым жырауды өнеге тұтып, олардан үлгі алады. Ақтанның ақындық аты елге тарап қалған шағында оның басына қиын – қыстау заман туады. “Ақшұнақ қоян” атанған жұт жылы келеді. Ақтан күн көріс үшін бір ноғай саудагеріне жұмысқа жалданады. Ол саудагер Ақтанды тері илеу жұмысына салып қояды. Тері илеп жүрген Ақтанды көрген бір адам: “Атақты Ақтан дегенің осы ма? Бұл да ештеңе емес екен ғой, тері илеп жүрген”, - деп күледі. Сонда Ақтан табан астында, ұтқыр сөзбен:

Айдынға үйрек, қаз керек,  
Сұлуға құшақ, наз керек.  
Жырға әуез бен саз керек,  
Теріге пұшпақ баз керек.  
Тері жаймай Ақтан не қылсын,  
Заманға қарай саз керек, – деп жауап қайтарған екен.

Сөйтіп, Абыл мен Нұрымнан өнеге алған, Қашаған мен Нұрпейіс жыраулармен үзеңгілес болған Ақтан жырау, өзінің соңында көптеген жыр-толғаулары мен өсиет-нақыл сөздерін қалдырған.

Ақтан жыраудың “Не жаман” атты өсиет сөзінде былай деген екен:

Біріншіден не жаман -  
Білімсіз болған ұл жаман,



Екіншіден не жаман -  
Ананың тілін алмаған  
Қасарысқан қыз жаман .

Үшіншіден не жаман,  
Үш жерінен буғызып  
Көрге бір салған сол жаман  
Төртіншіден не жаман  
Төресін әділ бермеген  
Парақор болған би жаман  
Бесіншіден не жаман  
Берерің болмай қонаққа  
Берекең кетсе сол жаман,

**-Ал енді балалар, алғашқы бес жаманның ізімен  
өз өлең ойларымызды өрбітіп көрелік!**

**Біріншіден не жаман –**  
Келемін деп сөз беріп,

..... сол жаман,

**Екіншіден не жаман –**  
Ұйқысынан тұра алмай,

..... сол жаман,



**Үшіншіден не жаман -**  
Үлкендердің алдынан,  
..... сол жаман.

***Төртіншіден не жаман-***

*Өз үйіңді сыйламай,*

*..... сол жаман.*



***Бесіншіден не жаман-***

*Ұстаздарды сыйламай,*

*..... сол жаман.*

**Ойлан да айт!**

*Адам бойындағы ең жаман қасиет не деп ойлайсың? Сен өз бойыңда жаман қасиет бар деп ойлайсың ба?*

**Тапсырма:**

1. Домбырадан «Нұрымның толғауын» сөздерімен қосып жатқа орында.
3. Ақтан жырау мұрасын қайталап оқып кел.

## АҚТАН ЖЫРАУ “НЕ ЖАМАН”

*Ал балалар, Ақтан жыраудың “Не жаман” атты өсиет сөзін әрі қарай тыңдай түсіп, ой түйелік!*



Алтыншыдан не жаман -  
Сүйіп бір алған әйелің  
Топ алдында күңкілдеп,  
Тіл алмаса сол жаман.  
Жетіншіден не жаман -  
Жеткіншектеп оқ тиіп  
Жетпей бір қалсаң сол жаман.  
Сегізіншіден не жаман -  
Серке санды ат мініп  
Сергелдең болған сол жаман.  
Тоғызыншыдан не жаман -  
Торғайдай болған бір басың  
Топқа түскен сол жаман.  
Оныншыдан не жаман -  
Оймақ ауыз, қиғаш қас,  
Бір перзенттің жоғынан,  
Мұңлықта болған сол жаман. –

*Ал балалар, Ақтан жыраудың «Не жаман» атты өсиет сөзінің ізімен өлең шығаруды жалғастырайық!*

Қазақ халқында: *босағаны керме, суға түкірме, айға қолыңды шошайтпа, түнде тырнақ алма, адамды айналма т.с.с.* көптеген тиымдар сақталған. Бұл тиымдарды бұзуды халық жаман ырымға балаған. Аталған тиымдарды негізге ала отыра өлеңмен өз ойымызды өрбітейік:

*Алтыншыдан не жаман -*

*..... сол жаман.*



*Жетіншіден не жаман -*

*..... сол жаман.*



*Сегіншіден не жаман -*

*Түн ортасы болғанда,*

*..... сол жаман.*

*Тогызыншыдан не жаман -*

*Жәй отырған адамды,*

*..... сол жаман.*

*Оныншыдан не жаман*

*Қолды айға шошайтқан,*

*..... сол жаман.*





### **Біліп ал!**

*Ақын-жыраулар – ұзақ жырлар алдында әуелі терме – толғаулар толғап өзін бабына келтіріп, шабытын тұтатып, тыңдаушысын баурап алатын болған. Содан кейін қырандай қанаттанып, ұзақ жырларға көшкен. Ал халықты тарқатар тұста тағы да терме, толғауларға көшкен.*

### **Тапсырма:**

1. Домбырадан «Толғау сазы» мен «Нұрымның толғауын» орындап кел.
2. Он жаманға арнап өлең құрап кел.

### **Қане, балалар! Мына өлең жолдары қай ақын-жыраулардың терме-толғауларынан алынған?**

Ұл мен қыздың қызығы –  
Тілі анық шыққанша....

Айдан ару нәрсе жоқ  
Түнде бар да күндіз жоқ  
Күннен ару нәрсе жоқ  
Күндіз бар да түнде жоқ....

Таудың сәні келмейді  
Бауыры болса бұлақсыз...

Арғымақ атта сын болмас  
Қиғаш қамыс құлақсыз...

Мен қашанғы жүйрігің,  
Топ ішінде толғаған...

Біріншіден, не жаман-  
Білімсіз өскен ұл жаман...

### Ш – тоқсан

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРЫ

### КӨРҰҒЛЫ ЖЫРЫ



«Көрұғлы» жыры түркмен, азербайжан, өзбек, қазақ, қарақалпақ және түрік халықтарына ортақ. Көп халықтар бұл дастанда «Гёр-оғлы» деп атайды. «Гёр-оғлы» дастанын әр түрлі аспаптың сүйемелдеуімен ақындар мен бақшы, ашугтар мен шайырлар орындаған. Басқа халықтарға қарағанда дастанның ең толық нұсқасын түркмен жыршылары сақтап жеткізген.

Түркмен жыршылары «Гёр-оғлы» дастанын танды – таңға асырып, кейде бірнеше күн бойына жырлаған. Дастанды дутар, ғиджак немесе түйдік аспабының сүйемелдеуімен орындаған. Ал қазақ жыршылары «Көрұғлы» дастанын домбыра аспабының сүйемелімен орындайды.

Түркмен өзбек, қарақалпақ, тәжік және қазақ халықтарындағы Көрұғлы батыр көрде туылады. Көрұғлының әкесі Раушанбек түркменнің атақты сыншысы әрі сол елдің ханы Толыбайдың баласы болатын. Қызылбастардың Шағдат атты ханы әскерін жіберіп Түркмен елін шауып келуді бұйырады. Олар анда жүрген Толыбайдың жалғыз баласы Раушанбекті тұтқындап алып келеді. Тұтқында қалған Раушанбек қызылбастардан көп қорлық көреді.

Бір күні Раушанбекті құл етіп базарға салып сатпақ болады. Сол кезде қызылбастардың елінде жүрген жалғыз үйлі Гәжденбек атты бір түркмен бар екен. Сол түркмен базарда сатылып тұрған Раушанбекті танып оны сатып алады. Раушанбекті үйіне алып келіп оны жалғыз қызы Ақалайға некелеп

қосады. Раушанбек Шағдат ханның қорлығынан сонда да құтыла алмайды. Раушанбек ханның аттарын сынап, олардың ішінен жүйрік таба алмайды. Сонда Шағдат хан ашуланып оның екі көзін ойып алады. Жаудан осынша қорлық көргеніне шыдамаған Гәжденбектің әйелі мен қызы Ақалай екеуіне: «Мұндай қорлық көргенше елге кетіңдер», - деп ақыл салады. Сөйтіп Гәжденбек пен Раушанбек еліне кетеді.

Ал, Ақалай жүкті болып қалады. Ақалайдың босануына 40 күн қалғанда қайтыс болады. Ақалай баласын көрде туады. Сол себепті оның атын Көрұғлы деп қояды. Бала жаудың қолында қалып, есейе келе алып батыр болып, жау қолында қорлық көрген атасы Раушанбектің кегін қайтарады. Көрұғлы елі мен жерін жаудан қорғап, халқына бостандық алып береді. Сөйтіп, оның аты аңызға айналып, Көрұғлы батыр атанады.

### **Жыр тыңдау:**

*«Көрұғлы» дастанынан үзінді орындайтын  
белгілі жыршы Бидас Рүстембеков*

### **Сұрақтар:**

1. «Көрұғлы» жыры қай халықтарда кездеседі?
2. «Гёр-оғлы» жырының толық нұсқасы қай халықта сақталған?
3. Не себепті бала Көрұғлы атанады?
4. Жыршы дегенді қалай түсінесің?

### **Тапсырма:**

1. Көрұғлы жыры тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің бастапқы буынын қайтала.

## ЯКУТ – САХА ХАЛҚЫНЫҢ ОЛОНХО ЖЫРЫ



**Олонхо** – якут-саха тілінде жыр деген мағынаны білдіреді. Олонхо – батырлардың ерлігін баяндайтын көптеген жырлардан тұрады. Олонхоның әрбір жыры 10-15 мың өлең жолдарынан құралады. Олонхо жыры 2 күн, 2 түн тіпті бір айға дейін созылып орындалады екен. Якут – саха халқының көне замандардағы аңызы бойынша аспанды құдайлар мен абаас атты жын-шайтандар билесе, жерді адамдар, ал жер астын құбыжықтар жайлайтын болған. Олонхо жырында осы үш әлемнің бір-бірімен күрес-тартысы баяндалады. Олонхоның әрбір жыры батырлар атымен аталады. Олар: «Ербехтей Мерген», «Нооргун батыр» және «Ер Соготох». Олонхо жыры аспаптың сүйемелінсіз әндетіп және тақпақтап орындалады. Мұндай ұзақ орындалатын жырды бір адам ғана орындайтын болған. Оларды «олонхошылар» деп атаған.

Якут-Саха халқының «**Ер-Соготох**» атты жырында батыр Ер-Соготохтың ерлігі баяндалады. Ер-Соготохтың Күн патшалығының бахыты үшін абаас атты жын батырларымен шайқасады. Абаастар – жер бетіне қайғы-қасірет, ауру-сырқау, ауыр зардаптар жіберетін жын–шайтандар екен. Абаастар адамдарды әр түрлі айла-тәсілдерімен бір-біріне айдап салып, оларды естері ауғанша қинайтын болған.



Бір күні абаастар Ер-Соготохтың ерлігіне қарсы тұра алмай оған бір айла қолданады. Олар Ер Соготохқа Темір Бухатыр атты құбыжықты жұмсайды. Абаастар Ер-Соготохтың қарындасын әйелдікке сұра деп отты көлдің билеушісінің баласы құбыжық Темір–Бухатырға ақыл айтады.

Ер-Соготох қарындасын құбыжыққа беруден бас тартады. Бірақ Темір-Бухатыр қарындасын ұрлап алады. Ер-Соготох қарындасын қайтару үшін Темір-Бухатырға аттанады. Жолай абаастар Ер-Соготохтың алдын бөгейді. Ер-Соготох олармен шайқасқа түседі. Абаастар Ер-Соготохты алдап отты көлге тастайды. Бірақ Ер-Соготох өзінің ақыл-айласы мен батырлығының арқасында абаастардың және Темір-Бухатырдың көзін жояды. Сөйтіп, Ер-Соготох өзінің Күн патшалығын абаастардың зардабынан құтқарады.

### **Жыр тыңдау!**

«Олонхо жырынан» жырынан үзінді тыңдау. Ор. Кирил Никифоров


### **Сұрақтар:**

- Олонхо қандай ұғымды білдіреді?
- Якут-Саха халқының көне аңызы не дейді?
- «Ер-Соготох» жыры нені баяндайды?

### **Тапсырма:**

1. Якут – Саха халқының олонхо жыры тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ХАКАС ХАЛҚЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЫ «АЛЫПТЫ НЫМАХ»



Хакас халқының сан ғасырлық дәстүрлі мәдениетінде хайджылар биік мәртебеге ие болған. Хайджылар көне замандардан жеткен тарихи шежірелер мен батырлық жырларды сақтап жеткізушілер. Олар өз тыңдаушыларының рухын көтеріп, күш-жігері мен намысын қайрап, әділдік пен адамгершілік қасиетін оятуға зор үлесін қосқан.

Хакас халқы батырлық жырларды «алыптых нымах» деп атайды. Ал, жырларды хайджы-нымахчылар орындайтын болған. Хайджы-нымахчылар бұл жырларды чатхан аспабының сүйемелімен орындаған.

Хайджылар ұзақ жырларды кешкі уақыттан бастап түннің бір уақытына дейін жырлаған. Кейбір жырлар тіпті төрт-бес күнге дейін созылған. Сондықтан да жыр орындаушы хайджылардың есте сақтау қабілеті мен музыкалық мүмкіндігі өте жоғары деңгейдегі аса дарынды адамдар болған. Олар бұл жырларды көмеймен орындаған. Көмеймен орындау дәстүрін «хай» деп атаған.

Алыптых нымах қазақтың батырлық жырлары сияқты көптеген бөлек-бөлек жырлардан тұрады. Солардың ішіндегі аса кеңінен тарағаны: «Албынжы», «Алтын Арығ», «Хара Хусхун», «Хан Кичигей», «Очен-Матыр мен Тасхачах-Матыр». Батырлық жырларда хакастардың туған жеріне деген адалдығы мен асқан сүйіспеншілігі жайлы баяндалады. Бұл жырларда көбіне

– көп бірнеше ұрпаққа жалғасқан батырлардың ерлігі, елі мен жерінің бостандығы үшін күресі жырланады.

«Очен-Матыр мен Тасхачах-Матыр» жайлы батырлық жырда ағайынды екі батырдың Монғол ханы Моолмен шайқасы жайлы баяндалады. Олардың асқан ерлігі мен Очен Матырдың ұлы шайқаста қаза табуы көркем тілмен бейнеленген. Ал, Очен Матырдың әйелі Күн Арыг та ержүректілік танытып өзінің екі ұлы Сибичек пен Сибдейкті қайтпас қайсарлыққа тәрбиелеп өсіреді. Олар нағыз мерген, жау жүрек батыр болып өседі. Сөйтіп, әкесінің кегін қайтарып, туған жерін жаудан қорғап ел аузында аңыз болып қалады.

### **Жыр тыңдау!**

Евгений Ұлықбашевтің орындауында батырлық жырдан үзінді тыңдау

### **Сұрақтар:**

- Хакас халқының батырлық жырларын сақтап жеткізушілерді ата?
- Хакас халқы батырлық жырларын қалай атаған?
- «Алыптых нымах» қандай жырлардан тұрады?
- «Очен-Матыр мен Тасхачах-Матыр» жайлы батырлық жырдың мазмұнын баяндап бер?

### **Тапсырма:**

1. Хакас халқының батырлық жыры «Алыптых нымах» тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## АЛТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЫ «АК - ТАЙЧЫ»



Алтай халықтарының жыр орындау дәстүрі ауыздан ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Батырлар жыры, қасиетті саналатын ерекше «Кай» дәстүрінде орындалатын болған.

Алтай халқының батырлар жыры өте ерте замандарда пайда болған. Батырлар жырында ертедегі адамзат тарихы, Алтай ханы және батырлар ерлігі баяндалады. Жырды топшур аспабының сүйемелімен орындаған. Кайшы жырды тек жатқа орындап қана қоймаған, сол жырдың ішіндегі батырларды, кейіпкерлерді көре алатын қасиетке ие болған. Дәстүр бойынша кайшы әуелі өзінің қолындағы аспабын мадақтап алады, сонан соң дауысын ырғап алып, батырларды көз алдына келтіріп суреттей бастаған. Батырлардың кескін келбетін, астындағы тұлпар атын, уақиға болатын жерлерді баяндай жөнелген. Сонан соң ғана жырдың негізгі мазмұны жырланатын болған.

Алтай халқының ең көне батырлық жырларының бірі «Ак - Тайчы». Бұл жырдың мазмұны былайша баяндалған екен:

«Күн Алтайының» көп жасаған Ак-Боко атты батыры ұлды болады. Эрлик атты жер асты әлемінің иесі жаңа туған баланың ерекше жаратылған алып батырдың туылғанын сезіп оны ұрлап кетпек болады. Бірақ мұны білген орман иесі Ақ Бөрі баланы алып қашып таудың үңгірінде жасырып бағады. Ақ Бөрі баланы тау маралының сүтін беріп өсіреді. Бала ер жетіп Ак-Тайчы батыр атанады. Ак-Тайчының ақылы толып, алып күшке ие болады. Сонда Ак Бөрі жас батырдың ақылы мен батырлығын сынап көреді. Көңілі толған Ақ Бөрі: «Сенің Эрликпен күш сынар кезің жетті» - деп Ак-Тайчыны



Эрликтің көзін жоюға жұмсайды. Ақ-Тайчы асқан батырлық көрсетіп, Эрликті жеңіп, Алтай халқын зұлымның күшінен құтқарған екен.

Сөйтіп, Алтай жырларының негізгі кейіпкерлері - өзі аңшы әрі батыр болып келеді. Батырлардың серігі астындағы тұлпар аты. Барлық жырларда батырлардың ерлік аты астындағы тұлпар атымен қатар шығып отырған. Тұлпар ат батырдың адал досы, жол серігі және оның қиындықта қол берер, ақылгөй-кеңесшісі болған.

Алтай жырларының ең көне түрі «аңшылыққа» арналған жырлар. Бұл жырлардың мазмұны - батырлардың жын-перілермен шайқасы, аңшылықта жүрген батырлардың балаларының дүниеге келуі, соғысқа аттанған батырлардың еліне жау шауып әйелдері мен қарындастарын алып қашуы сияқты түрлі уақиғалар баяндалған.

### **Жыр тыңдау!**

«Алтай батырлары» орындайтын Болот Байрышев.

### **Сұрақтар:**

- Алтай халқының жыр орындау дәстүрін қалай атайды?
- Алтай халқы жырды қандай аспаппен сүйемелдейді?
- Не себепті Ақ-Тайчы батыр Эрликпен шайқасады?
- Алтай халқының көне жырлары нені баяндайды?

### **Тапсырма:**

1. Алтай халқының батырлық жыры «Ақ - Тайчы» тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» және «Білсің бе» рубрикасын оқып, талда.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ТЫВА ХАЛҚЫНЫҢ ЕРТЕГІЛІК-БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЫ «ҮСКІС ООЛ»



Тыва халықтарының жырлары көне ертегілік – батырлық жырлардан тұрады. Бұл жырларды жеткізушілер – хайджылар болды. Хайджылардың орындауында ертегілік-батырлық жырлар ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Бұл жырлар халықтың көне тұрмысы мен әдет-ғұрпын, көне аңыз-шежіресі мен тарихын баяндайды. Ертегілік-батырлық жырлардың басты мазмұны аңшылар мен мергендердің ерліктері, олардың қалыңдық іздеп ұзақ сапарға аттануы, жол-жөнекей қиындықтарға душар болып, жауды жеңуі және үйленіп мақсат-мұратына жетуі сияқты мазмұннан құралады.

Тыва халқына кеңінен таралған «Үскіс оол» яғни «Жетім бала» атты ертегілік-батырлық жырының мазмұндық желісі былайша өрбиді: «Ерте-ертеде түйенің құйрығы жерге сүйретіліп, тау ешкінің мүйізі көк тіреген заманда Үскіс оол яғни бір жетім бала өмір сүріпті. Сол заманда Қараты хан деген хан болыпты. Жетім бала Қараты ханның малын бағып жүріпті. Бір күні бала мал бағып жүргенінде малына қасқырлар шауыпты. Бір көк жал қасқыр енді ғана құлындаған биені жеп қояды. Құлыны болса жетім қалады. Әбден қиналған бала Қараты ханға келіп, аяғына жығылып болған істі баяндап кешірім сұрайды. Сонда хан: - Мен бір биеден байлығым кеміп қалмас. Құлынды да қасқырға тастаңдар – деп бұйырады. Жетім бала құлынды қасқырға тастауға қимай өзі алып бағады.



Құлын нағыз жүйрік тұлпар болып өседі. Жетім баланың баптап өсірген жүйрік тұлпары бүкіл бәйгенің алдын бермейді. Ханның небір жүйрік тұлпарлары шаңына да ілесе алмай қалады. Қараты ханның ашу-ызасы келіп нөкерлеріне: - Тұлпардың көзін жойындар,- деп бұйрық береді. Ақыры тұлпардың көзін жояды. Тұлпарынан айрылған жетім бала қайғырып, қапаланады. Бір күні жетім бала ұйықтап жатып түс көреді. Түсіне тұлпар аты еніп: - Қайғырып, қапаланба. Онан да аспап жаса. Сол аспапты тартсаң мен қасыңнан табылам, - дейді.

Бала ұйқысынан оянып әлгі айтқан аспабын жасауға кіріседі. Ол аспаптың шанағының бетін тұлпар атының терісімен жауып, құйрығының қылын ішек етіп тағады. Аспапты ойнаған кезде тұлпар аттың күші балаға рух беріп, жігерін тасытады. Бұл тек баланың рухын көтеріп қана қоймай, халықтың да еңсесін көтеретін, ерекше жігер беретін аспапқа айналады. Халық арасында бұл аспап «игил» деп аталып кетеді. Ал, бала болса аты аңызға айналып, барша халықтың асқан құрметіне ие болады. Сонан бастап жетім баланы енді қасиетті хайджы деп атап кеткен екен. »

**Жыр тыңдау!** «Үскіс оол» жырынан үзінді тыңдау!

**Сұрақтар:**

- Тыва халқының ертегілік-батырлық жырларының мазмұны неде?
- Ертегілік - батырлық жырларды жеткізушілер кімдер?
- «Үскіс оол» атты ертегілік-батырлық жырдың мазмұнын баяндап бер?

**Тапсырма:**

1. Тыва халқының ертегілік-батырлық жыры «Үскіс оол» тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК, ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ ЖЫР «АЛПАМЫС»



**Алпамыс** – түркі халықтарына ортақ батырлық жыр. Алпамыс жырын өзбектер «Алпамыш», қазақ және қарақалпақтар «Алпамыс», таулы алтай халықтары «Алып-Манаш», башқұрттар — «Алпамыш және Барсын-хылуу», қазан татарлары — «Алпамша» деп атайды екен. Алпамыс жырында 14-17 ғасырдағы Орта Азия халықтары мен қалмақ басқыншыларының арасында болған соғыстың тарихы баяндалады. Алпамыс жайлы жырдың 14 мың өлең шумағынан тұратын ең ұзақ нұсқасы қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарында сақталған. Жырдың сюжеттік желісі былайша дамиды: 1) Алпамыштың қалыңдық іздеп шығуы, оның қалыңдық үшін күресі және үйленуі; 2) Алпамыштың қалмақ ханы Тайчаханға қарсы күресі, жеті жыл жер асты зынданында жатуы және жеңіспен туған жеріне оралуы.

Алпамыс жырының толық мазмұндық желісі былайша өрбиді. Қоңыраттың тайпа басы баласы жоқтықтан тәңіріге жалбарынумен болады. Күннің күнінде әулие-әнбиелер қолдап ұлды болады. Ұлының атын Алпамыс қояды. Алпамысты әулиелер қолдап ол құдіретті күшке ие болады.

Алпамыс тәңірінің қалауымен бесікте жатып-ақ Баршын сұлуға атастырылады. Баршынның әкесі Алпамыстың әкесімен сөзге келіп өзінің бір рулы елін алып қалмақ жеріне көшіп кетеді. Мұнда келгеннен кейін Баршын сұлуды қалмақ батыры Қараман әйелдікке алмақ болады. Мұны естіген Алпамыс қалмақ еліне аттанады. Ол қалмақ батырын өлтіріп, Баршынға үйленіп, туған жеріне алып қайтады.

Бұлар кеткеннен кейін Баршынның әкесі қалмақтардан қорлық көре бастайды. Мұны білген Алпамыс қалмақтармен соғысуға аттанады. Ол қалмақтардың қолына түсіп, жеті жыл жер асты зынданында жатады. Зынданнан қашып шығып еліне оралады. Жеті жылдың ішінде Алпамыстың отбасы кедейшіліктің азарын тартады. Ал, жаңадан болған патша Баршынды өзіне зорлықпен әйелдікке алмақ болып тойға дайындалып жатады. Ашуға булыққан Алпамыс патша мен оның әскерін қырып салады. Сөйтіп, Алпамыс батыр жауын жеңіп, халықтың басын жиып, қол астына біріктіреді.

### **Біліп ал!**

*Қазақ эпосы* – көнеден жеткен халық тұрмысының шежіресі іспетті. Өлеңмен жазылған тарихи оқиғаларды баяндайтын көлемді шығарма. Ол ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жеткен асыл қазына.

Эпос – тарихи белестерді бейнелейді. Қазақ халқының ежелгі тайпаларының арасындағы тарихи оқиғалар мен белгілі тұлғалардың батырлық және ерлік істерін баян етеді. Бұл жырларда халықтың басынан кешкен қайғы-қасіреті, жаудан көрген қорлығы мен туған жұртынан айрылуы жайлы баяндалады. Осындай жырларға «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Көрұғлы», «Едіге», «Орақ-Мамай» т.б. жатады.

### **Жыр тыңдау!**

«Алпамыс» жырынан үзінді тыңдау

### **Сұрақтар:**

- «Алпамыс» жыры қай халықтарда сақталған?
- «Алпамыс» жырының толық нұсқасын сақтаған халықтарды ата?
- «Алпамыс» жырының мазмұнын баяндап бер?
- Қазақ эпосы дегенді қалай түсінесің?

### **Тапсырма:**

1. Қазақ, Өзбек, Қарақалпақ халықтарына ортақ жыр «Алпамыс» тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып кел.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЫ «МАНАС»



Батырлық жырлардың ең көлемділерінің бірі – қырғыздың **«Манас» жыры**. «Манас» жыры 400-500 мың жолдан тұрады. «Манас» жырын апталап, кейді тіпті айлап жырлаған. «Манас» жырының негізгі мазмұны елі мен жерін жаудан қорғаудағы батырлар ерлігі баяндалады. Манастың ел қорғаудағы батырлық ісін оның баласы Семетей және немересі Сейтек жалғастырады. «Манас» жыры үлкен үш бөлімнен тұрады. Олар: «Манас», «Семетей», «Сейтек» деп, үш батырдың асқан ерлігіне арналады. «Манас» жырын орындаушыларды «Манасчы», «Семетейчи» және «Сейтекчи» деп атаған. «Манас» жырын аспапсыз орындаған.



«*Манас*» жырында өз жерінен қуғынға ұшыраған қырғыз халқының тағдырлы тарихы айтылады. Қалмақтардын шапқыншылығымен қырғыздар Алатаудан Алтай жеріне қуғындалады. Қуғынға ұшыраған қырғыздардың арасында Жақып атты кісі болған екен. Жақып жасы елуге келгенінде балалы болады. Баласының атын Манас қояды. Манас кішкентайынан ер жүрек бала болып өседі. Манас жеті жасына келгенінде ойнап жүріп қалмақтың бір баласына қарсы келіп, оны ұрып тастайды. Мұны көрген әкесі «Балам, қалмақтарға қарсы келуші болма» - деп баласын жаудан қорғамақ болады. Бірақ Манас «Әке, мен жаудың өмір бойы тоқпағының астында болғанымша өлгенім артық. Мені тоқтатпаңыз» - деп өзінің жау жүрек, батырлығын танытады. Манас ер жетіп үлкен әскер жинап, өзінің жерін жаудың қолынан босатпақ үшін соғысқа аттанады.

Бұл соғыста Манастың әскері жеңіске жетеді. Бірақ Манас батыр өзінің қас жауы Қоңырбайдың қолынан жараланады. Сол жарадан айықпай Манас қайтыс болады.

Ал «*Семетей*» жырында Манастың баласы Семетей әкесінің кегін алып Қоңырбайды өлтіріп, елі мен жерін жаудан құтқарады. Бірақ Семетейде осы соғыста жаудың қолынан қаза табады.

Семетейдің баласы Сейтек жау қолында қалып қояды. Сейтек он алты жасқа толғанында өзінің әкесі Семетейдің кегін алып, жауды жеңіп өзінің еліне бейбіт өмір орнатқандығы жайлы «*Сейтек*» жырында баяндалады. .

### **Жыр тыңдау:**

«Манас» жырынан үзінді орындайтын Нұрақ Абдрахманов.

### **Сұрақтар:**

1. «Манас» қай халықтың батыры?
2. «Манас» жыры неше бөлімнен тұрады?
3. «Манас» жыры нені баяндайды?
4. Манас батырдың ерлік істерін кімдер жалғастырады?

### **Тапсырма:**

1. Қырғыздың «Манас» тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ТҮРКІ – МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ КӨМЕЙМЕН АЙТУ ДӘСТҮРІ

Көмеймен айту дәстүрі - Тува, Алтай және Монғол халықтарына ортақ өнер. Бұл өнердің пайда болуы жайлы Алтай халқының аңызын тыңдап көрелік.

Бір жігіт аң ауламақ үшін ну орманға барады. Жолай таулардан асып, өзеннен өтіп орманның қалың ортасына жетіп әбден шаршап ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде тау басынан құлаған тастардың жаңғырығы ма, әлде сарқырап аққан өзеннің тасқыны ма, болмаса құстардың бір-біріне дыбыс беріп шырыл қағуы ма, мүмкін жан-жануарлардың, жыртқыш аңдардың ашулы дауыстары ма не нәрсе естігенін түсіне алмайды. Бір кезде түсінде Алтай ханын көреді. Ол өзінің туған жері жайлы керемет дауысқа салып ән айтады. Хан Алтайдың дауысы жігітке қатты ұнап қалады.

Жігіт осындай дауыспен ән айтып үйренбекші болады.



Сонда Хан Алтай: «Жарайды, сұрағаныңды бердім. Сенің дауысың бұлақтай таза болсын», - дейді. Хан Алтай жігіттің қолына топшур аспабын береді. Жігіт түсінен оянса қарағайға сүйеулі тұрған топшурды көреді. Аң-таң болған жігіт топшурды қолына алып Хан Алтай айтқанындай керемет дыбысқа салып ән айта жөнеледі.

Алтай халықтары көмеймен ән айту дәстүрін кай ал, орындаушыларды кайчылар деп атаған. Кайчылар дауысын үш түрлі дыбысқа салып орындайды. Олар: **кыргыра**, **хомей** және **сығыт** деп аталады.





**Кыргыра** – көмеймен айту дәстүріндегі ең төменгі дыбыс. Батырлық жырлардағы батырлардың шайқасын немесе соғыс алаңындағы аттардың дүбірін салғанда кыргыра дыбысына салып орындайтын болған.

**Хомей** – көмеймен айту дәстүрінде ортаңғы дыбыстарды атайды. Хомей ұйтқып соққан желдің дыбысын елестетеді. Жырдағы табиғатты бейнелеу немесе қызықты оқиғаларды баяндауда хомей дыбысына салып орындайтын болған.

Ал **сығыт** – ыскырық деген ұғымды білдіреді. Көмеймен айту дәстүріндегі ең жоғарғы дыбысты сығыт деп атаған. Сығыт – дыбысына салғанда сыбызғы аспабының үні естілгендей әсерде болады.

Алтай ханы өсиет еткендей: «Мен сыйлаған дауысыңмен табиғатпен тілдесіп оған мейірімді бол, барлығына махаббат пен сүйіспеншілігіңді сыйла, дауысың бұлақтың суындай таза болсын!» – деген сөздерін Алтай халқы есінде сақтап, «кай» дәстүрін бүгінгі күнге дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келеді. Кайчылар көбіне батырлық жырлар мен аңыз-ертегілерін орындаған. Бұл халықтар өз дәстүрін мыңдаған ғасыр бойы атадан балаға жеткізіп сақтап келеді.

### **Музыка тыңдау!**

Кыргыра, Хоомей және Сығыт ән айту дәстүрін тыңдау.

### **Біліп ал!**

*Алтай және Тува халқының кайчылары жыр орындаудағы аспаптары ортақ. Алтайлықтар **топиур** деп атаса, тувалықтар **топиулу** дейді. Ал ыспалы аспаптарын алтайлықтар **икили**, тувалықтар **игиль** деп атаған.*

*Топиур және топиулу қазақтың домбыра аспабымен пара-пар. Топиур және икили – екі ішекті аспап. Топиур және икили аспаптары тұтас ағаштан ойылып жасалады. Екі аспаптың да шанағының бетін терімен қаптайды. Ішектеріне арнайы аттың ақ қылын байлайды.*

*Монғол халқы ыспалы аспабын **морин-хур** деп атайды. Монғол тілінде морен – ат, хур – дыбыс дегенді ұғымды береді. Аспапты моренхур деп атап, оны аттың басын бейнелеп жасаған. Монғолдар моренхур аспабын жыр орындауда қолданады.*



**Топшур**



**Игил**



**Морин-хур**

**Сұрақтар:**

- Көмеймен айту дәстүрінің пайда болуы жайлы аңыз не дейді?
- Көмеймен айту дәстүрін және орындаушыларды қалай атайды?
- Көмеймен айту дәстүріндегі дыбыс түрлерін ата?
- Қайчылар қандай аспаптардың сүйемелімен орындаған?

**Тапсырма:**

1. Түркі – моңғол халықтарындағы көмеймен айту дәстүрі тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, аспаптардың ерекшелігін талдап кел.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

Түйін!

Туыстас халықтар жырауларын қалай атайды?



## IV – тоқсан

### ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКА ӨНЕРІ

#### ХАЛЫҚ БИЛЕРІ – ХАЛЫҚ МІНЕЗІ

Би – әлемде кең тараған өнер түрі. Көбіне биді жәй уақыт өткізу үшін ермек ретінде қабылдауы мүмкін. Бірақ би өнері адамның табиғи дарынымен бірге көп еңбекпен қол жеткізетін күрделі өнер түрі екенін білген жөн. Ал ең басты би әрбір халықтың мәдениеті мен дәстүрі арқылы жеткен өнер мұрасы болып табылады. Ертеде адамдар би арқылы бір-біріне деген қарым-қатынасы мен сезімін жеткізетін болған. Би – адамның көңіл-күйін көтеріп, ішкі жан дүниесін рахатқа бөлеп, қуаныш сыйлайтын ғажап өнер. Би және музыка әрбір халықтың тағдыры мен тарихын, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін болған. Би арқылы әрбір халықтың мінезі мен ұлттық болмысын көруге болады. Олай болса, әлемге ең танымал болған би өнерімен танысып көрелік!

*Әлемдегі гажайып би өнеріне назар салайық!*



*Хоровод*-орыс халқының көнеден жеткен би өнерінің түрі. Хоровод биінің пайда болуы күнге табыну рәсіміне байланысты болған. Адамдар күнді бейнелеп шеңбер жасап жерді айналып жүргендей қимыл

жасаған. Би аса күрделі болмаған. Хоровод кезінде адамдар каншалықты көп жиналса, соншалық адамдардың күнге деген сенімін жеткізерлік күші мықты болады деп сенген. Хоровод кезінде би қимылдарымен қоса, көпшілік көп дауыспен ән айтатын болған.


**Лезгинка** – кавказ халықтарының ең танымал биі. Бұл би көнеден жеткен. Адамдар би арқылы бүркіттің қимылын бейнелеген. Бүркіттің бейнесі әсіресе бишілер аяқтың ұшына тұрып, кеуделерін тіктеп, ұшқалы тұрған бүркіттің қанатындай қолдарымен әрлі-берлі сермеп билейтін болған. Бүркіттің алыста самғауын бишілер биікке секіру арқылы көрсеткен. Бұл биды соғыс кезінде жауынгерлердің рухын көтеру үшін билейтін болған.



**Гопак** – украин халық биі. Бидің атауы «гоп» деген сөзден туындаған. Бишілер өздерін жігерлендіру үшін «гоп» деп бірін-бірі көтермелеп қолпаштайтын болған.



Ерте кезде гопак ерлердің жауынгерлік биі болса, кейін жалпы халықтың биіне айналған. Гопак биі кезінде әрбір орындаушы ортаға шығып би қимылымен өзінің күш-жігерін, шеберлігін көрсететін болған. Бүгінгі күнде гопак биі жігіттер мен қыздардың қосылып орындайтын көңілді биіне айналып отыр.



**"Катта уйин"** – өзбек халқының ең танымал биі. Өзбек халқының би өнерінің тамыры тереңде. Өзбектер би арқылы терең сезімін, қуанышы мен қайғысын, бахытты шаттығы мен асыл арманын жеткізетін болған. "Катта уйин" биін өзбек халқы наурыз мерекесі кезінде билеген. Өзбек халқында тек биге үйренген арнайы бишілер ғана емес халықтың барлығы түгелдей билейді. Олар жиын – тойларда, түрлі мерекелерде, қонақтарды қарсы алып, шығарып салғанында да өз құрмет-көңілдерін би арқылы көрсетеді.



### **Билерді тамашалау!**

Билердің музыкасына құлақ түрейік! Орыстың хороводы мен кавказ халқының лезгинкасы. Украиннің гопагі мен өзбек халқының биі. Әрбір бидің мінезі мен қимыл-әрекетіне сай музыканы бірден-ақ ажыратып алуға болады. Тіпті бидің өзін көз алдына да елестете аламыз.

## **Біліп ал!**

*Жартасқа салынған би қимылдарына назар аударалық. Көне ғасырлардан мұра болып қалған жартастағы суреттерде ата-бабаларымыздың аң аулау алдындағы би қимылдары бейнеленген. Ғалымдардың айтуы бойынша ең алғашқы билер тоғыз мың жыл бұрын пайда болған. Адамдар аң аулауға барарда құдайға табынып күш сұраған. Аңшылықтың сәтті әрі олжалы қайтуын тілеген. Би арқылы адамдар аңдардың қимылы мен құстардың дыбысын қайталап өздерінің аң аулаудағы шеберлігін шыңдаған.*

*Қазақстандағы Тамғалы тасында билеп жүрген адамдардың үстінде күн басты құдайдың суреті бейнеленген. Бұл арқылы адамдардың күн құдайына табынып, онан көмек сұрағаны байқалады.*



## **Сұрақтар:**

- Би адамдарға не үшін қажет болған?
- Орыстың хороводы және кавказ халықтарының лезгинкасы қалай пайда болған?
- Украинның гопак және өзбектің Катта уйині қандай уақытта орындалатын болған?

## **Тапсырма:**

1. Халық биі- халық мінезі тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрисын оқып, талдап кел.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ЕУРОПАНЫҢ ХОР ӨНЕРІ



**Хор** ерте замандарда пайда болған. Адамдар жер жыртып, егін егіп, шөп шауып барлығы бірдей жұмыла жұмыс жасап жүріп бірге қосылып ән айтқан. Адамдардың қосылып ән айтуы жұмыстың бірқалыпты болуын әрі барлығы бірінен-бірі қалыспай жұмыс жасауына жігерлендірген. Мысалы, егін орып келе жатқан көптеген адамдар бірдей ән айтып оның ырғағымен қимылдарын сәйкестендіріп отырған. Шаруалардың барлық жиын-тойлары мен мерекелерінде барлығы жиналып хор айтатын болған. Сөйтіп, хор музыкасы халықты бір адамдай етіп біріктітіріп, рух беріп әрдайым күш пен жігер сыйлаған екен.

Кейін келе шіркеулер салына бастайды. Хор музыкасы халықпен бірге шіркеуге келіп орналасады. Шіркеуге келген адамдар барлығы қосылып құдайға арнап дұға айтып сиынған. Олар көпшіліктің ғаламат дауысы құдайдың құлағына жетеді деп сенген. Адамдар құдайға деген таза әрі адал сезімін барлығы қосылып әуендетіп жеткізетін болған.

Шіркеулерде көп дауысты ән айту, яғни хор өнері пайда болды. Хор бірнеше дауысқа бөлінеді. Ең төменгі ерлер дауысы – бас, ортаңғы ерлер және әйелдер дауысы – тенор және альт, жоғарғы ең нәзік әрі сұлу дауысты – сопраноны әйелдер орындайтын болған. Мұндай көп дауысты хорлар барлық регистрді қамтып, салтанатты әрі ғаламат дыбыс күшіне ие болған. Хорды дирижер басқарады.



## Музыка тыңдау!

М.Глинка. «Иван Сусанин» операсынан «Славься» хоры

### Біліп ал!

*Бүгінгі күнде әлемдік классикалық музыканы хорсыз елестету мүмкін емес. Хор ұжымын кез-келген мектептерде кездестіруге болады. Әсіресе, 9-мамыр жеңіс күнін әскери оркестр мен хорсыз өткізу мүмкін емес. Хор ұжымдарын мереке кезінде үлкен алаңдар мен стадиондарда естуге болады. Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында 60-қа жуық адамнан тұратын хор ұжымы бар. Олар театрдың барлық опералық спектакльдерінде өнер көрсетеді. Ал Б.Байқадамов атындағы Қазақтың мемлекеттік хор капелласы республиканың басты хоры болып табылады. Бұл ұжым еліміздің барлық сахналарында өнер көрсетіп, Қазақстан композиторларының шығармаларын орындап келеді.*



### Сұрақтар:

- Халықтардың барлығы қосылып ән айту не үшін қажет болды?
- Хор музыкасы қалай пайда болған?
- Түркі халықтарындағы наным-сенімге байланысты туған жырларды қалай атаған?

### Тапсырма:

1. Хор өнері тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## БИГЕ ТІЛ БІТІРГЕН ҮНДІЛЕР



Үнді биі – әлемдегі би өнерінің ең биік жетістігі болып саналады. Үнді халқының аңызы бойынша дүниені Шива құдайы жаратқан дейді. Шива құдайы өзінің құдіретті биінің күшімен жаужүрек жындарды жойып, жер бетіне тыныштық орнатады. Сонан бастап үнділер би өнерін құдайдың адамдарға берген сыйы деп түсінген. Үнділер құдайларға арнап олармен тілдесе алатын би қимылдарын ойлап тауып әрі қарай дамыта түседі.

Үндінің классикалық би өнерінде ең негізгі бидің 4 түрі сақталған. Олар: Бхарат-натьям, Катхакали, Катхак және Манипури. Әсіресе, әлемге кеңінен танымал болған **Бхарат-натьям** би түрі. Бұл би 2000 жыл бұрын пайда болған.

Ертеде би арнайы ғибадатханаларда орындалған. Бишілер діни рәсімдерге байланысты құдайларға арнап билейтін болған. Би арқылы құдайлардың құдіретті истерін мадақтап, олардың адамзат үшін жасаған ерліктерін бейнелеген. Халық бұл биді билейтін бишілерді қасиетті санап, оларға үлкен құрметпен қараған.



**Катхакали** –биі өз бастауын Рамайна және Махабхарата атты үндінің көне жырынан алады. Жырдағы құдайлар мен адамдардың дию-жындармен күресін би арқылы көрсетеді. Бишілер үстеріне ерекше безендірілген киімдер киіп, беттерін адам танымастай етіп бояп алатын болған. Биді тек қана ер адамдар билеген. Бидегі әйел бейнесін де жас жігіттер орындаған.

**Катхак** – үнді тілінде «катха» - әңгіме, шежіре деген ұғымды білдіреді. Катхак – қимыл мен пантомимо арқылы күнделікті өмірде кездесетін жақсы мен жаман қасиеттерді көрсететін би түрі. Катхак көбіне түрлі мереке жиындарда орындалатын болған. Катхак халықтың аса жақсы көретін би түрі.



**Манипури** - Шива, Кришна, Вишна және Сарасвати құдайларына арналған би түрі. Бұл би түрі өзінің күрделі қимылдарымен ерекшеленеді. Бхарат-натьям және Катхакали билерінде өте сыпайы әрі нәзік сөз қимылдары қолданылатын болса, ал Манипури биі тез әрі өткір қимылдарымен қоса, акробаттық әдістер жасауымен ерекше тұрады.



Үнді билері әлемдегі қимыл-әрекетке тіл бітірген ғажайып өнер. Бұл өнер мыңдаған ғасырлар бойы сақталып бүгінгі күнге дейін жетіп, әлем халықтарын таң қалдырумен келеді.

### **Би қимылын тамашалау!**

Бейне таспадан Ақмарал Қайназарованың орындауында «Бхарат-натьям» биі.

### **Біліп ал!**

*Үндінің би өнері діни наным-сенімге және көне аңыз-мифтерге құрылған. Бидің өзіндік сөйлеу тілі бар. Қол буындары мен саусақтың қимылын «мудра» деп атаған. Ал дене қимылын «хаста» деп атайды. Бір ғана алақан буыны қимылының 24 түрі бар. Ал екі қол қимылының 13 түрі сақталған. Көз және қас арқылы түрлі махаббат, қуаныш, қайғы-мұң немесе қорқыныш, үрей сияқты сезімдерді көрсететін қимылдың 36 түрін ойлап тапқан. Онан да басқа көптеген дене қимылдарының түрлері бар. Ол қимылдарды көрермен халық айтпаса да түсінетін болған.*

### **Сұрақтар:**

- Үндінің классикалық би өнері қалай пайда болған?
- Үнді биінің неше түрі бар?
- Үнді билерінің ерекшеліктерін ата?
- Үнді билерінің қол және дене қимылдарын қалай атайды?

### **Тапсырма:**

1. Биге тіл бітірген үнділер тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, үнді биінің ерекшелігін талдап кел.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## КҮН ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨНЕРІ



Жапон халқы өздерін Нихонджин яғни «күн шығыс елінің халқымыз» деп атайды. Жапония судың ортасына орналасқан аралдардан тұрады. Жапон халқының орналасқан жері дүние жүзіндегі көптеген елдерінен өте шалғай жатыр. Сондықтан жапондықтар өздерінің географиялық ерекшелігіне байланысты сан ғасырлық мәдениетін өзгертпей көне қалпында сақтап қалған.

**Гагаку** – жапон императоры сарайының оркестрі. Гагаку музыкасы мен билері император сарайындағы өнердің ең көне түрі. Гагаку 1300 жыл бұрын пайда болған. Осыншама ғасырлар өтсе де Гагаку өнері ешбір өзгеріске ұшырамаған. Бұл өнер әлемдегі ең ғажайып дәстүрлі өнер түрі болып саналады.


Император оркестрінде 30-ға тарта музыканттар бар. Олар жапонның көне аспаптарында ойнап өз өнерлерімен көрермен халықты таңдандырып келеді. Оркестр музыканттары таңғажайып сарай билерін де сүйемелдейді. Ең таңдаулы билері болып саналатын *бугаку*, *саругаку* және *гигаку*. Ал гигаку биін бишілер беттеріне түрлі маскаларды киіп алып орындайтын болған.



Гагаку оркестірінің музыкасы аспаптар мен билерге арналған. Гагаку музыкасы түрлі салтанатты рәсімдерге байланысты император сарайында орындалатын болған. Сондықтан гагаку өнері император сарайы орналасқан Токио қаласында жасалып, сол жерде ғана дамып отырған. Гагаку өнерін XX ғасырдың ортасына дейін тек қана ақсүйектер тұқымы ғана тамашалай алған. Ал бүгінгі таңда гагаку өнерінің есігі айқара ашылып, тек қана жапондықтар үшін емес, бүкіл дүние жүзі халықтары тамашалай алатын ғажайып өнер түрі болып отыр.

### **Біліп ал!**

*Жапон халқының арасында кеңінен танымал болған **Но** театрын ерекше атауға болады. Бұл театрдың 600 жылдық тарихы бар. Но театрының ерекшелігі актерлер беттеріне арнайы дайындалған маскалар киетін болған. Ол маскалар әр түрлі көңіл-күйді білдіреді. Мысалы, қуаныш, ашу, таңдану тағы басқа. Ал музыка көне аспаптарда орындалып, кейіпкерлердің ішкі көңіл-күйі мен іс-әрекетін айқындауда маңызды орын алған.*



**Кабуки** - Жапонияның классикалық театр өнеріндегі ең танымал театр болып саналады. Бұл театрдың 400 жылдық тарихы бар. Кабуки театрының ең басты ерекшелігі барлық қойылымдардағы әйелдер бейнесін де тек қана ер адамдар орындаған. Актерлер беттеріне қалың етіп грим жасаған. Музыка мен би театрдың ең негізгі бөлімі болған. Барлық қойылымдағы музыка мен билерді көне музыкалық аспаптар сүйемелдеген. Олардың ішінде ерекше тұратын *сямисэн* аспабын атауға болады.



#### **Сямисэн аспабы**

Но және Кабуки театрында ортақ ерекшелік екі театрдың да актерлерінің өнері атадан балаға ұласқан мұрагерлік дәстүр болып саналады. Мұндай дәстүрді сақтаған отбасылар көп емес. Сондықтан олар халық арасында үлкен құрметке ие болған. Но театры да көне заманнан жалғасып келеді.

#### **Сұрақтар:**

- Не себепті жапон халқы көне мәдениетін сақтап қалған?
- Гагаку оркестірі қай жерде пайда болады?
- Гагаку музыкасы қандай билерді сүйемелдеген?
- Но және Кабуки театрларының ерекшеліктерін ата?

#### **Тапсырма:**

1. Күн шығыс халықтарының өнері тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, жапон театрының ерекшелігін талдап кел.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ҮНДІНІҢ СҰЛУ САЗДЫ РАГАСЫ

Үнді халқында музыка ең қасиетті өнер болып есептеледі. Үндінің ежелгі ойшылдарының айтуы бойынша жаратылыстың өзі түрлі тербеліс күшінен тұрады. Яғни әлемнің өзі де шексіз музыкадан жаратылған. Сондықтан Үнділер музыканы жаратушының сыйы деп қараған. Музыка - адамға өмірлік күш-қуат, биік рух, тән мен жанның саулығын береді деп сенген.

Үндінің классикалық музыкасының тамыры тереңде. Үндінің классикалық музыкасының биік шыңы – Рага. Раганың негізгі 7 түрі бар. Рага – күш-қайрат, жігер деген ұғымды білдіреді. Яғни әрбір Рага адамның көңіл – күйін белгілі бір уақыт пен жыл мезгіліне лайықтап, оған рух беріп жігерлендіріп отырған.



Әлемде тек үнді рагасы ғана белгілі бір уақыт өлшеміне байланысты орындалады. Мысалы таңғы раганы кешке айтуға болмайды. Өйткені уақытылы орындалмаған рага адамның жан-дүниесіне кері әсерін тигізуі мүмкін екен. Үндістанда бір тәулікті 8-ге бөлген. Яғни әрбір 6 сағат сайын адамның көңіл-күйі өзгеріп отырады деп есептеген. Сол себепті Раганы да уақыт өлшемі мен жыл мезгілдеріне байланысты орындаған.

Үнді музыканты үшін Рага айту табиғатпен тілдесумен пара-пар. Сондықтан Рага орындайтын музыкант табиғаттың үнін тыңдап, өзінің ішкі жан тебіренісін соған лайықтайтын болған.

Бір қызықты оқиғаға құлақ түрейік! Бір күні үндінің Тансен атты ұлы музыканты өз уақытына сай келмейтін Раганы орындайды. Тансен жазғы ыстық мезгілде орындалатын отты раганы айтқан кезде патша сарайындағы шырақтар өзінен - өзі жанып, сонан соң музыканттың өзі отқа оранған. Тыңдап отырған халық барлығы жабылып жүріп Тансеннің үстіндегі отты әрең сөндіріп оны аман алып қалған екен.



Кейбір рагалардың магиялық күші бар. Олар бұлт шақырып, жаңбырды жауғызып, жел тұрғызатын күшке ие болған.


Рага адам сезімімен сырласып, табиғатпен тілдесе алатын ғажайып музыка болып табылады.

### **Музыка тыңдау!**

Рави Шанкар орындауында үндінің «Рагасынан» үзінді тыңдап көрелік!

Ситар аспабында орындаушы Рави Шанкар дүние жүзіне белгілі музыкантардың бірі! Үндінің классикалық музыкасын әлем халықтарына таныстыруда Рави Шанкар зор үлес қосты. Батыс Еуропаның көптеген музыканттары Рави Шанкардан дәріс алған. Солардың бірі The Beatles тобының гитаршысы Джордж Харрисон Рави Шанкардан ситар аспабын үйренген.

Алпыс жылдан астам әлем сахналарында өнер көрсеткен Рави Шанкар Гинесс кітабына енгізілді.



### **Біліп ал!**

*Рага түрлі аспаптардың сүйемелдеуінде орындалады. Олар: вина, ситар, саранги және табла. Вина мен ситар шертпелі, саранги ыспалы ал, табла ұрмалы аспап.*

*Үндістандағы ең танымал аспаптар вина мен ситар. **Вина** аспабы нәзік үні және бай тембрі үшін ішекті аспаптардың патшайымы деп бағалайды. Бұл аспаптың екі жағында резонаторы болады. Оның бірі ойылған ағаштан, ал екіншісін асқабақтың кепкен қауашағынан жасап аспаптың мойынына бекітеді. Екінші резонатор аспаптың үнін күшейтіп, көлемді дыбыс береді. **Ситар** аспабы құрылысы жағынан вина аспабына өте ұқсас.*

*Кеңінен қолданылатын ұрмалы аспап **табла** деп аталады. Бұл аспаптың ерекшелігі міндетті түрде екі табла бірінен бірі ажырамай қатар қойып орындалады. Табланы алақанның буынымен және саусақтардың ұшымен теріп ойнайды.*

Үндінің ыспалы аспаптарының ішіндегі кеңінен танымал болған **саранги** аспабы. Саранги аспабының беті терімен қапталады. Саранги аспабының негізгі орындалатын төрт ішегі бар. Мойнының артында аспапқа қосымша үн беретін 25-30 ішегі болады. Саранги аспабы адамның үнімен үндес келеді.



Вина



Саранги



Табла

### Ойлан да айт!

Үндінің қандай аспабы қазақтың домбыра аспабына ұқсас келеді?

### Сұрақтар:

- Үндінің аспапты музыкасы қалай аталады?
- Рага мен рагинидің неше түрі бар?
- Рага мен рагини қандай ұғымды білдіреді?
- Рага қандай түрлерге бөлінеді?
- Раганы қандай аспаптармен орындайды?

### Тапсырма:

1. Үндінің сұлу сазды Рагасы тақырыбын оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, аспаптардың ерекшелігін талдап кел.
3. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## МАКОМ – ӨМІРДЕН СЫР ШЕРТКЕН МУЗЫКА



Ислам халықтарында «МАКОМ» атты музыка жанры сақталған. «Маком» шығыс халықтары мен Орта Азия халықтарында кең таралған. Мысалы, араб елдерінде «маком», өзбек пен тәжіктерде «маком», ұйғырларда «мукам», әзірбайжандарда «мугам» болып аталады.

«Маком» жанры 12 көлемді шығармадан тұрады. Макомның негізгі 7 және қосымша 5 түрі болады. Әрбір макомның атауы мен өзіндік мазмұны бар. Мысалы, «Раст» - сұлулық пен тазалықты, «Бузрук» - ұлылық пен ойлылықты, «Нава» адалдық пен шынайылықты білдіреді. Әрбір маком екі немесе үш сағат көлемінде орындалады.

Еуропа халықтарында аспапты музыканың ең дамыған шыңы симфония жанры болса, ал шығыс халықтары үшін өнердің ең биігі маком жанры болып есептеледі.

«Маком» вокальды-аспапты немесе аспапты музыка болып екіге бөлінеді. Аспапты «маком» үндінің «рага» жанрымен теңдес. Вокальды-аспапты «маком» бірнеше аспаптардың сүйемелінде, жеке орындаушының айтуында орындалады. Яғни бір бүтін ансамбль болып орындайды. Орындаушы шығыстың классикалық әдебиетінің негізін салушы ақындардың өлеңдерін қолданады. Мысалы, Физули, Низами, Навои, тағы басқа ақындардың өлеңдері. Ал кеңінен қолданатын аспаптары: тар, рубаб, кеманча, най, дәф немесе дойра сияқты аспаптар болып табылады.

### **Музыка тыңдайық!**

Әзірбайжан «мугамынан» үзінді тындап көрейік!

### **Ойлан да айт!**

Сен көңіл күйіңе байланысты қандай музыканы тыңдағанды ұнатасың?

## Біліп ал!

«Мугам» орындауда мынандай аспаптарды қолданады. Олар: шертпелі – **тар**, ішекті-ыспалы - **кеманча**, үрмелі – **най** және ұрмалы – **дәф** және **дойра**.



**Тар**



**Кеманча**



**Най**



**Дәф**



**Дойра**


## Сұрақтар:

- «Маком» қай халықтарда кездеседі?
- Макомның неше түрі бар?
- Маком қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындалады?
- Маком айтуда кімдердің өлеңдерін қолданады?

## Тапсырма:

1. «Маком» орындағанда қолданатын аспаптар жайында оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйінің үйренген буынын қайтала.

## ӘЛЕМДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ БАЛЕТ ӨНЕРІ



Балет Италияда XVI ғасырда операмен қатар пайда болды. Балет алғашқыда патшалардың бал мерекелерінде шағын билерді билеуден басталған. Кейін келе мұндай шағын би қойылымдары француз патша сарайларында да орын алады. Француз сарайларындағы бұл қойылымдар ең керемет салтанатты көріністерге айналды.

Қазір балет әлемдік мәдениетте үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Үлкен жетістіктерге жету үшін балет өнері көптеген жылдар бойы түрлі тәжірибелерден өтіп, өзін шыңдай түседі. Алғашқыда бишілердің киімдері билеуге қолайсыз болды. Оларды ауыр маталардан тігіп, патша сарайларындағы көрермендерге лайықтап түрлі әшекейлермен безендіріп жасаған. Ал кейін келе балетке арналған киімдерді емін-еркін қимылдауға лайықты әрі билеуге ыңғайлы етіп дайындайды. Тіпті өкшесі бар аяқ киімдердің орнына «пуанта» деп аталатын арнайы аяқ киімдерді де ойлап тапты. Сөйтіп қазіргі балетке арналған киім үлгілерінің пайда болғанына да 200 жыл уақыт өткен екен.

Бишілердің би қимылдарында да үлкен өзгерістер пайда болды. Мысалы, балет бишілері аяқтың ұшымен билей бастайды. Бишілер асқан шеберлікпен түрлі қимылдарды өте жеңіл әрі керемет нәзіктікпен орындап, көрермендерді таңдандыра түседі.

Сөйтіп балет өнері Францияның патша сарайынан Париж операсына көшірілді. Париждің опера сахнасында биге арналған үлкен спектакльдер қойыла бастайды. Енді балет нағыз кәсіби өнерге айналды. Ал бишілер болса, ұзақ жылдар бойы өз шеберліктерін шыңдап, би өнерін әбден меңгергеннен кейін үлкен сахналарда өз өнерлерін көрсете алатын болған. Әрбір спектакльге суретшілер арнайы декорациялар жасап, тігіншілер қойылымға лайықты киімдер дайындаған. Режиссерлер спектакльдің қойылымын қадағалайтын болса, симфониялық оркестр спектакльдің өн бойын музыка-камен әрлеп отырған. Сөйтіп балет өнері бүкіл дүние жүзіне кеңінен танымал болып, әлем халықтарын өзінің ерекше әсемдігімен таңдандырумен келеді.

### Музыка тыңдайық!

#### II. Чайковскийдің «Аққу көлі» балетінен үзінді тыңдайық!



II. Чайковскийдің «Аққу көлі» балетінде ханзада мен аққуға айналған Одетта атты қыздың махаббаты жайлы хикаясы баяндалады.

Зұлым сиқыршы Одетта мен оның құрбыларын аққуға айналдырып жібереді. Олар күндіз аққу болып, ал түнде қайта адам қалпына келеді екен. Қыздарды тек қана адал махаббат аққу кейпінен арашалап алады.

#### Біліп ал!

*1934 жылы алғаш рет Алматы қаласында Абай атындағы опера және балет театры ашылды. Операмен қатар балет те пайда болды. Операда күйлерді қолданудың нәтижесінде жаңа жанр **қазақ биі** дүниеге келеді.*

*Би қоюда халық күйі «Келіншек» пен «Қаражорға», Құрманғазының «Балбырауын», «Соқыр Есжан», Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйлерін пайдаланды. Бұл күйлерді биге лайықтап арнайы оркестрге өңдейді. Мұндай өңдеуден өткен күйлерге енді ұлттық нақыштағы би қимылдарын қояды. Мысалы, ер адамдардың билерінде қамшыны қолға алып, ат құлағында ойнап бәйгеге шапқан жігіттердің қимылдары жасалған. Ал ұлттық*

*дәстүрге тән киіз басу, ою салу немесе кесте тоқу сәтіндегі қимылдарды қыздардың билерінде пайдаланған. Сөйтіп ұлттық дәстүрге сүйеніп жасалған қазақ билері дүниеге келіп, қазақ балетінің негізін қалайды.*

**Сұрақтар:**

- Алғашқы балет қалай пайда болған?
- Балет қандай өзгерістерге ұшыраған?
- Балет қойылымдарын кімдер жасайды?

**Тапсырма:**

1. Әлемдегі классикалық балет өнері тақырыбын оқып кел.
2. А.Райымбергенов «Секіртпе» күйін жатқа орында.

Түйін!

Қане, балалар! Әлем халықтарының билері қалай аталады?





## Қорытынды сұрақтар Өз біліміңді тексер!

- Жыр дегеніміз не?
- Қазақ жырларының кейіпкерлері кімдер?
- Жыраулардың атқарған қызметі қандай?
- Терме-толғаулар мен жырлар неше буындық өлеңге құрылады?
- «Аралық сөз» дегенді қалай түсінесің?
- Өсиет сөздердің жалпы мазмұны неде?
- Базар жырауға өлең қалай қонды?
- «Көрұғлы» жыры қай халықтарда кездеседі?
- Не себепті бала Көрұғлы атанады?
- Олонхо қандай ұғымды білдіреді?
- Якут-Саха халқының көне аңызы не дейді?
- Хакас халқының батырлық жырларын сақтап жеткізушілерді ата?
- Алтай халқының көне жырлары нені баяндайды?
- Тыва халқының ертегілік-батырлық жырларының мазмұны неде?
- «Алпамыс» жыры қай халықтарда сақталған?
- «Манас» жыры нені баяндайды?
- Көмеймен айту дәстүріндегі дыбыс түрлерін ата?
- Би адамдарға не үшін қажет болған?
- Хор музыкасы қалай пайда болған?
- Үнді биінің неше түрі бар?
- Но және Кабуки театрларының ерекшеліктерін ата?
- Үндінің аспапты музыкасы қалай аталады?
- «Маком» қай халықтарда кездеседі?
- Алғашқы балет қалай пайда болған?

## МАЗМҰНЫ

Бағдарлама мазмұны .....	2
--------------------------	---

### I тоқсан. Жауынгер жүрек жыраулар

Жыраулық дәстүр.....	4
Жыраулардың хан-сұлтандарға айтқан кеңесі.....	6
Ақтамберді жыраудың батырларға рух беруі.....	9
Бұхар жыраудың халыққа айтқан өсиет сөзі.....	11
Бұхар жыраудың аралық сөзі.....	14
Бұхар жыраудың “Алыстан қызыл көрінсе” атты өсиет сөзі.....	16
Ұшқыр тілді Шал ақын.....	18

### II тоқсан. Сөз саңлақтары

Қазақтың атақты ақыны – Тұрмағамбет.....	23
Базар жырау мұрасы.....	27
Нұртуған ақынның мұрасы. ....	30
Абыл жырау мұрасы.....	32
Нұрым жыраудың мұрасы. ....	34
Ақтан жырау.....	36
Ақтан жырау «Не жаман» атты өсиет сөзі.....	39

### III тоқсан. Түркі халықтарының батырлық жырлары

Көрұғлы жыры.....	42
Якут – Саха халқының олонхо жыры .....	44
Хакас халқының батырлық жыры «Алыптых нымах».....	46
Алтай халқының батырлық жыры «Ак - Тайчы».....	48
Тыва халқының ертегілік-батырлық жыры «Үскіс оол».....	50
Қазақ, Өзбек, Қарақалпақ халықтарына ортақ жыр «Алпамыс».....	52
Қырғыз халқының батырлық жыры «Манас».....	54
Түркі – моңғол халықтарындағы көмеймен айту дәстүрі.....	56

### IV тоқсан. Әлем халықтарының музыкалық өнері

Халық билері – халық мінезі.....	60
Еуропаның хор өнері.....	64
Биге тіл бітірген үнділер.....	66
Күн Шығыс халықтарының өнері.....	69
Үндінің сұлу сазды Рагасы.....	72
Маком – өмірден сыр шерткен музыка.....	75
Әлемдегі классикалық балет өнері .....	77